Ұлттық бірегейлік ұлы мұратқа жетелейді
2-бет

Телеарна тарланы
4-бет

Саз өнерінің саңлағы
8-бет

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ БЕЙСЕНБІ, **25 СӘУІР**, 2024 ЖЫЛ **№46 (23 368)** www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

«Қаруын қалпында болса...»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында соңғы кезде адам өлтіру, қарақшылық жасау сияқты ауыр қылмыстар көбейіп бара жатқанын айтқан болатын. «Аса қатыгездікпен жасалатын мұндай әрекеттер бүкіл қоғамға қатер төндіреді» деген ол жазаны қатайту арқылы осындай қауіпті үрдістің тамырына балта шабу керектігін баса айтты. Мәселен, статистикалық деректер осындай қылмыстардың барлығы полиция органдарында тіркелмеген қару пайдалану арқылы жасалатынын көрсетеді. Биылдың өзінде ғана облыс аумағынан заңсыз айналымнан 52 қару, ал, өткен жылы 137 қару алынған. Ал, осы 137 қарудың бесеуі – 2022 жылғы «Қанды қаңтар» оқиғасы кезінде Алматы қаласындағы «Қорған» аңшылық дүкенінен ұрланған.

Президент тапсырмасын орындай отырып...

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қару тапсырғанға – сыйақы

Елімізде жыл сайын қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, атыс қаруы мен жарылғыш заттарды қолдана отырып жасалатын қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында акция өтеді. Яғни, тұрғындар заңсыз сақталған атыс қаруларын өткізе алады, әрі өткізгені үшін белгілі бір сыйақы да қарастырылған. 2008 жылдан өткізіліп келе жатқан акция биыл 22 сәуірден басталған болатын. Дәл осы шара кезінде облыс халқы сирек кездесетін қару түрлерін де тапсырған.

– Бұған дейін акция өткізу барысында облыс халқы кезіндегі Ресей империясының Тула қару-жарақ зауыты 1800 жылдары шығара бастаған «Ивашенцев» жүйесінің үш ұңғылы мылтығын, 1891 жылғы үлгідегі револьвер және қызыл әскермен Мәскеуден Берлинге дейінгі жолды жүріп өткен, Екінші дүниежүзілік соғыстың қаруына айналған Шпагиннің тапанша-пулеметін де тапсырды, – дейді облыстың полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасының басшысы Бағдат Кәкімов.

Жалпы, акция өткізуге республикалық бюджеттен арнайы қаражат бөлінеді. Мәселен, 2023 жылы облысқа осы мақсатта шамамен 5 млн. теңге бөлініп, оған 66 қару сатып алынып, кейіннен жойылған.

– Заңсыз сақталған атыс қаруын ақшалай сыйақыға тапсыруға ниет білдіргендер кез келген қалалық, аудандық полиция бөлімдеріне өтініш бере алады. Тексеру жүргізілгеннен кейін әр тапсырылған қару үшін 100 айлық есептік көрсеткішке дейін сыйақы беріледі. Одан бөлек, заңсыз сақталған атыс қаруын өз еркімен тапсырған азаматтар әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктен босатылады, – дейді облыстың полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасының бөлім басшысы Жахат Ещанов.

Сурет ашық дерекқоздан

Сараптама міндетті түрде жүргізіледі

Полиция қызметкерлерінің айтуынша, қару санатына қарай, сыйақы да әр түрлі. Олар үш санатқа бөлінеді. Біріншісі – жаңа қару тапсырғандар. Биыл мұндай қару үшін 110 760 теңге алуға болады. Ал, екінші санатқа тот басқан, бірақ, атуға келетін қарулар кіреді. Ол үшін 77 532 теңге беріледі. Ал, сараптама нәтижесі бойынша қару ретінде танылғанымен, атуға келмейтін қарулар үшінші санатқа жатқызылып, олар үшін 33 228 теңге төленеді. Бұл үш санаттың өзі бірнеше түрге бөлінетінін айтады Жахат Ещанов.

– Автоматты ойық ұңғылы атыс қаруының әр данасы үшін жүз еселенген айлық есептік көрсеткішке дейін, ойық ұзын ұңғылы атыс қаруы, яғни, винтовка, карабиндер үшін елу еселенген айлық есептік көрсеткішке дейін сыйақы алуға болады. Тапанша, револьвер сияқты ойық қысқа ұңғылы атыс қаруы үшін қырық еселенген айлық есептік көрсеткішке дейін қарастырылған. Ал, тегіс ұңғылы атыс қаруын тапсырғандар отыз еселенген айлық есептік көрсеткішке дейін сыйақы алады. Жарақат салатын тапанша немесе револьверге он еселенген айлық есептік көрсеткішке дейін ақы қарастырылған, – дейді Жахат Ещанов.

Полиция қызметкерінің айтуынша, қарудан бөлек, оның ату жарақтарын, оқ-дәріні де тапсыруға болады. Ол үшін де сыйақы бар. Мәселен, әрбір граната, мина, жару құрылғысы және артиллериялық снаряд үшін жеті еселенген айлық есептік көрсеткішке дейін, жарылғыш заттардың әрбір 1000 грамы үшін алты еселенген айлық есептік көрсеткішке дейін ақша алуға болады. Одан бөлек, калибрі 5,6 миллиметрден жоғары ойық ұңғылы қарудың патрондарының әр бірлігі үшін айлық есептік көрсеткіштің отыз бестен бір бөлігіне дейін, калибрі 5,6 миллиметр ойық ұңғылы қарудың патрондарының әр бірлігі үшін айлық есептік көрсеткіштің жүз он бестен бір бөлігіне дейін сыйақы алуға болады.

Тапсырылған қарудың санатын және сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде қару-жарақ заттарының техникалық жағдайына қатысты жүргізілген криминалистикалық сараптаманың нәтижелері ескеріледі.

Қару тапсырған жауаптылықтан босатылады

Қылмысқа қатысы болуы мүмкін деген күдікпен, тауып алған қаруды тапсыруға жүрексінетін тұрғындар да болуы мүмкін. Бұл ретте Жахат Ещанов өз еркімен қару тапсырған адам Қылмыстық кодекс бойынша да, Әкімшілік құқық бұзушылық кодексі бойынша да қандай да бір жауаптылықтан босатылатынын айтады.

– Алдымен тергеу әрекеттері жүргізіледі. Егер қару тапсырған адам қылмысқа қандай да бір қатысы жоғы анықталған болса, жауаптылықтан толық босатылады, – дейді ол.

Рұқсат етілген атыс қаруын сақтаудың да өзіндік жолы бар. Мәселен, ол иесінің тұрғылықты жерінде, оның өзінде темір сейфте сақталуы тиіс. Ал, сейфтің өзі еденге немесе қабырғаға бекітіледі. Қаруды сақтау мұнымен шектелмейді. Қауіпсіздік мақсатында дабыл белгісі орнатылып, ол күзет агенттігінің басқару пультына қосылады. Болмаса, ұялы телефонға хабарлама жіберетін GSM-дабыл жүйесі болуы тиіс.

Қару сақтуға кез келген рұқсатты полиция органдары ғана беретінін айтады Жахат Ещанов. Елімізде калибрі 4,5 мм-ден, соққы күші 7,6 к Дж-ден аспайтын пневматикалық мылтыққа рұқсат керек емес. Қалған қарудың бәріне рұқсат алынады. Одан бөлек, бір адамда аңшылық үшін екі тегіс ұңғылы мылтық және екі иір ойықты мылтыққа ғана рұқсат етіледі.

Айта кету керек, пневматикалық қарудың калибрі де соққы күші де аз. Ол өзін-өзі қорғауға арналған. Ал, жарақат салатын қару резеңке оқпен атылатындықтан, зақымдайтын ретінде сипатталды. Сондықтан, оған міндетті түрде рұқсат керек.

Қарудың кез келген түріне рұқсат бес жылға берілетінін айту керек. Оны электронды түрде Е-лицензиялау порталы арқылы алуға болады.

• ДЕНСАУЛЫҚ

Тобыққа жасалған тұңғыш ота

Профессор Х.Мақажанов атындағы көпсалалы ауруханаының хирургтері тобық буынын ауыстыру бойынша операция жасады. Мұндай ота Қазақстанда алғаш рет жасалып отыр.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Эндопротездеу кезінде тобық жасанды буынға ауыстырылды. Қарағандылық мамандардың айтуынша, мұндай операцияларға сұраныс бар. Қазірдің өзінде тобық буынын ауыстырғысы келетін пациенттердің қатары біршама.

– Тобықты протездеу – буынды ауыстыру бойынша технологиялық тұрғыдан күрделі операциялардың бірі. Жастар арасында сұраныс өте жоғары. Жас адамдардың тобығын жарақаттап алу көрсеткіші көбейіп тұр. Біз табанның өкше жақ бөлігінде түзету қосымша әдістермен кешенді операция жасадық. Науқас отадан кейін өзін жақсы сезініп, жағдайы жақсарды, – дейді травматологиялық орталықтың басшысы Берік Төлеубаев.

Операция шеберлік сабақ аясында өтті. Оған Мәскеудегі С.Юдин атындағы қалалық клиникалық ауруханаының мамандары қатысты.

Эндопротездеу артикулярлық құрылымдар айтарлықтай бұзылған тобық артрозында қолданылады. Оның себебі көбінесе жарақаттың салдары болып табылады. Бұрын бұл патологияның асқыну науқасты мүгедектікке алып келетін. Мамандар науқастың өмір сүру сапасын төмендетпей, денсаулығын сақтап қалуға эндопротездеу түріндегі тиімді медициналық көмекті ұсынады. Енді бұл мүмкіндікке тобықты эндопротездеудің заманауи технологиялары арқылы қол жеткізуге болады.

Қоршаған орта қолдауға зәру

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Президенті қызметіне кірісу рәсімінде сөйлеген сөзінде: «Қоршаған ортаның қазіргі мүшкіл хәлі – көпшіліктің көкейіндегі мәселе. Сондықтан, елімізге бірыңғай экологиялық саясат қажет. Қоршаған ортаны қорғау жүйесіне серпін беретін жаңа Экологиялық кодекс қабылдау керек», – деген еді. Мәселенің өңірлік маңызына тоқталар болсақ, облыстың Қарағанды, Теміртау және Балқаш сияқты ірі қалаларында атмосфералық ауаның сапасы бойынша бірқатар экологиялық түйткілдер бар екендігі көкшілікке аян. Бұл мәселе аты аталған шаһар тұрғындарын да алаңдататыны жасырын емес. Өңірдегі экологиялық ахуалды тағы бір мәрте пысықтап, көзқарас жаңарту мақсатында облыс бойынша экология департаментінің басшысы Дархан Исжанов Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында баспасөз құралдары өкілдерінің толғақты сауалдарына жауап қатты.

РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұрынғы мен бүгінгі

Алдымен өзекті деректерді алға тартқан спикер Теміртау қаласының атмосфералық ауасының негізгі ластаушысы «Qarmet» акционерлік қоғамының тарапынан ластау үлесі 87%-ды құрағандығын хабарлады. Ал бұл дегеніміз – 201,6 мың тонна ауаға таралған зиянды шығарындылар. Осы ретте, бұрынғы инвестор «АрселорМиттал» 2024 жылға қарай эмиссияларды 30%-ға немесе 60 мың тоннаға төмендету жөніндегі жасалған меморандум шеңберінде өзіне алған міндеттемелерін орындамаған болып шықты. 2019-2023 жылдар аралығында арнаулы келісім шеңберінде 23 іс-шараның ішінде шаң-газ тазарту жабдықтарын күрделі және ағымдағы жөндеу, түтін құбырларын бөлшектеу әрі монтаждау сияқты жергілікті сипаттағы және қоршаған ортаны жақсартуға айтарлықтай әсер етпейтін 7 іс-шара ғана орындалған. Алайда, дәп жоспарланған мерзімде 10 іс-шара өткізілмеген. Нақтыласақ, электр сүзгілерін, аспирациялық қондырғыларды уақытылы реконструкциялау амалдары жүргізілгенде бұл зиянды қалдықтардың 8 мың тоннаға төмендеуіне игі әсер етер еді. Сайып келгенде, қаланың ауа бассейнінің сапасы тұрғындар денсаулығына тікелей әсер ететіндігін бұрынғы инвестор қаперіне алмаған сыңайлы.

– Қазіргі «Qarmet» Жол картасының тиісті бөліктерін орындау бойынша өзіне міндеттеме алды. Айта кету керек, алпауыт компания экологияны жақсарту жөніндегі іс-шаралардың стратегиялық жоспарын әзірлеуде, – деп хабарлады спикер.

Түтіннен келген түйткіл

Теміртаудан кейін, негізгі техногендік жүктеме – Қарағанды қаласының екі иығында. Қаланың бас экологиялық түйткілі, пешпен жылытатын үйлердің зарарлы шығарындысымен атмосфералық ауа қабатының шектен тыс ластануы. Ал мұндай үйлердің ұзын саны – 26 мыңға жетеғабыл. Осы маңызды мәселені шешу мақсатында жергілікті әкімдік жеке секторды газдандыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізу үстінде. Биыл бұл бағытқа бюджеттен 1 млрд. теңге бөлініп, 2 161 үй газбен жабдықтауға қосылған. Газ тарату желілері 6 018 жеке тұрғын үйге жеткізілді.

Балқаштағы ахуал да осыған ұқсас. «Kazakhmys Smelting» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарасты Балқаш мыс балқыту зауыты жабдықтарының технологиялық тозуы әуені оқтын-оқтын тұман аралас бұлыңғыр реңкке боянды. Мыс кенін балқыту кезінде шаң тазарту жабдықтары мен сору жүйелерінің тозуына байланысты, түрлі улы газ шатыр терезелері мен фрамугалар арқылы қоршаған ортаға еніп, атмосфералық ауаны ластайды.

– Осыған байланысты, мыс балқыту цехтарындағы түтін газдарын тежеу және тазарту жүйелерін толығымен жаңғырту мен ауыстыру қажеттігі менмұндалайды. Профилактикалық бақылау шеңберінде жыл соңына дейін тиісті нұсқама жолданды. Кәсіпорын зиянды шығарындыларды азайтып, Балқаш шаһарының атмосферасын барынша жақсарту мақсатындағы іс-шаралар жоспары шеңберінде 2025 жылы күкірт-қышқыл цехының екінші желісін салуды көздейді. Бұл күкірт шығарындыларын 50% немесе 31 мың тоннаға дейін төмендетуге септеседі. Бүгінгі таңда кәсіпорын осы іс-шара аясында «AAEngineering Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атынан бас жобалық мердігерлік ұйымды анықтады. Жобалауға тапсырма әзірленді, бастапқы деректерді жинау аяқталды, негізгі техникалық шешімдер келісілді, – деді Дархан Исжанов.

Сурет ашық дерекқоздан

Департамент дем береді

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес, экология департаменті скрининг және мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы мен рұқсат беру, қоршаған ортаға әсерді бағалау деректерін ұсыну секілді бірқатар мемлекеттік қызметтерді іске асырады. Аталған мәнді қызметтер кәсіпорын жобаларының экологиялық заңнамаға сәйкес жүзеге асырылып, қоршаған ортаға теріс әсері барынша аз болуы үшін аса қажет. 2024 жылдың I тоқсанында департамент тарапынан барлығы 162 мемлекеттік қызмет көрсетілген.

3-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●**EUR/KZT** 473.33 ●**USD/KZT** 444.32 ●**RUB/KZT** 4.76 ●**CNY/KZT** 61.31

Қазақстан Ұлттық Банкінің 24 сәуір, 2024 жылғы дерегі бойынша

90 жылдыққа – 90 түп қарағай

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» акциясы, әрі Қарағанды қаласының 90 жылдығы аясында Кирзавод ауданындағы орман алқабына 90 мың түп қарағай егіледі. Осыдан біраз жыл бұрын өртке оранған алқап қайта қалыпқа келтіріліп, онда жасыл желектендіру жұмыстары қолға алынды. Акцияға облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қатысты.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Акция барысында табиғи ресурстар басқармасы және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы мен мемлекеттік қызметкерлерден жасақталған 100 адам 20 гектар аумаққа ағаш екті. Ермағанбет Қабдулаұлы өз сөзінде аймақта алдағы үш жылда үш миллион ағаш егілетінін атап өтті.

– Аймақтың барлық тұрғындарына, еріктілерге, кәсіпорындарға, ұйымдарға Президенттің бастамасын қолдап, жаппай сенбілікке белсене қатысқаны үшін алғыс айтамын. Бұл – бір реттік акция емес. Үнемі тазалықты сақтау қажет. Жұмыстың тағы бір маңызды бөлігі – көгалдандыру және экологияны жақсарту. Алдағы үш жылда облыста үш миллион ағаш егуді жоспарлап отырмыз. Тұрғындардан тазалықты сақтау және осындай шараларға белсенді қатысулары сұралады.

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН
КИЕЛІ МЕКЕН

Егер балаларымызды жастайынан тазалыққа үйретсек, үйіміз, ауламыз, қаламыз да таза болады, – дейді облыс басшысы.

Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бақтияр Санбаев өз кезегінде:

– Елдімекендерде жыл сайын 60 мың көшет егіледі. Бұл жұмысты жергілікті атқарушы органдар жалғастыруда. Биылғы жоспар да осы күйінде, – деп атап өтті.

Биыл аймақта мемлекеттік орман қоры аумағында 1 272 000 жапырақты және қылқан жапырақты көшет егілмек. Жапырақты ағаштар – үйеңкі мен қараағаш Новодолинск тәлімбағынан. 200 мыңға жуық көшет дайын. Орман шаруашылығы ардагерлері ағаштарға қалай күтім жасау керектігін айтып, кеңесімен бөлісті.

– Жасыл желектердің жерсінуі ойдағыдай өтеді деген үміттеміз. Көгалдандыру – ұзақ және қажетті іс. Осындай шараны насихаттау, әрі көпшілікті тартуымыз қажет, – деді орман шаруашылығы ардагері 85 жастағы Михаил Жакупов.

Айта кетейік, көшеттерді суару және жерсінуін орман шаруашылығы қызметкерлері бақылауда ұстайды. Рейдті инспекторлар жүргізбек.

Өз тілшімізден

Жаңа аллеяға 100 көшет тарту

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясының үшінші аптасы, яғни, «Жасыл аймақ» апталығы басталды. Аты айтып тұрғандай, қоршаған ортаны жасыл желектендіріп, көгалдандыру жұмыстарына баса назар аударылмақ. Осыдан екі жыл бұрын күрделі жөндеуден өткен Майқұдық саябағында «Жастар аллеясы» ашылып, акция қарсаңында жасыл желектендірілді. Шараға қалалық мәслихат төрағасы Алтынтөре Бөкенов арнайы қатысты.

сының директоры Талғат Байтохин екі жыл бұрын қалыпқа келтірілген Майқұдықтың саябағына көшеттер енді егіліп жатқанын айтты.

– Бұл жолы 100 көшет еktік. Енді күзгі маусымда әр түрлі тұқымды 100 көшет егу жоспарда бар. Саябақты жасыл желектендіру – ең бірінші мәселе. Себебі, мұнда келген әр қала тұрғыны табиғат аясында жүргендей сезінуі керек. Таза ауада серуендеп, бой сергітуіне жағдай жасалуы шарт. Одан бөлек, күн жылынғанда саябаққа түрлі гүл тұқымын егеміз, – деді ол.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, акция аясында қаладағы барлық саябаққа 3000 көшет егілді. 200-ге жуық еріктімен қатар ардагерлер, депутаттар және қала тұрғындары атсалысты. Майқұдықтағы «Жастар аллеясын» жасыл желектендіру үшін 4 арнайы техника мен еріктілер, ардагерлер жұмылдырылған. Арнайы мамандардың көмегімен қарағай тұқымды 100 көшет егілді. Алтынтөре Жангелдіұлы қала тұрғындарын акциядан қалыс қалмауларын сұрады.

– Майқұдық саябағы толық жөндеу жұмыстарынан кейін енді ғана жасыл желектендірілуде. Осы жолы «Жастар аллеясы» ашылды. Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында жаңа аллеяға көшеттер егілді. Қаладағы барлық саябақта осы шараны әріптестеріммен бірге еріктілер, қала тұрғындары жалғастыруда, – деді Алтынтөре Жангелдіұлы.

Қарағанды қаласының саябақтар мен бақтар басқармасы Зейнеткер Сәкен Келдібаев – осы саланың маманы. Ағаштың егу техникасын, гүлді егу әдісін бұл кісіден артық білетіндер кемде-кем. Саябаққа көшет аларда маманның көмегіне жүгініпті. Зейнеткеріміз шараның басы-қасында болып, жастарға ағаш егу әдісімен бөлісті.

– Көшет алып, оны қалай болса, солай еге салмаймыз. Гүл егудің, ағаш егудің уақыты болады. Бұны бізге табиғат айтады. Ал, біз табиғат заңына бағынуымыз қажет. Қазіргі уақыт – нағыз ағаш егетін маусым. Осы сәтті пайдаланып жатырмыз. Соңғы кездері тал егіп, гүл егетіндер көп. Бірақ, уақыт өткеннен кейін еккені солып, қурап жатады. Себебі, егу әдісін білмейді. Мұнда тек қадау қағып, байлап кете салмаймыз. Бүгін жиналғандарға әдісін түсіндірдім. Ағашты қалай байлап, егетінін, суғаратынын айттым. Балалар да отырғызу әдісін білетін болды, – зейнеткер Сәкен Келдібаев.

Сурет **автордан**

Таза ауа таза ауладан басталады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Таза аула. Таза өлке. Таза ел!» экологиялық акциясы аясында 500-ге жуық қала тұрғыны аула аумақтарын тазалауға шықты. «Үздік аула» акциясы аясында қала көшелері мен аулаларын тартымды етуге ұмтылды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұйымдастырушылардың айтуынша, «Таза Қазақстан» акциясы басталғалы 4000 тоннадан астам қоқыс, ал, «Үздік аула» акциясында 1000 қап қоқыс жиналды.

– «Таза Қазақстан» акциясында қаланы санитарлық тазалау жұмыстары белсенді жүруде. Акция нәтижелі болды. Тұрғындар сенбіліктерге, таза бейсенбіге атсалысты. Өйткені, тазалық пен тәртіп әрқайсымызға байланысты. Қала тазалығы әр аула, көше және аллеядан басталды. «Орбита» көшесінің тұрғындары қаланы абаттандыруға үлес қосып, үлгілі аула жасады. Тұрғындарды, әсіресе жастарды сенбіліктерге қатысып, «Таза Қазақстан» акциясын қолдауға шақырамын. Қаланың тазалығы – қолымызда. Таза аула өзімізден басталады, – дейді «Карагандинец» пәтер иелері кооперативінің басшысы Людмила Давыдова.

ПИК басшысы үй маңындағы аумақтарды тазалауға үлес қосуға және қаланы бірлескен күш-жігермен жайлы, қауіпсіз және таза етуге шақырды. Алдағы уақытта ағаштарды санитарлық кесу, аула келбетін ретке келтіру және көгалдандыру ұйымдастырылмақ.

Акция қала тұрғындары арасында ынтымақтастықтың қалыптасуына ықпал етті. Өскелең ұрпақ табиғатты сақтаудың маңыздылығын сезінді.

– Балалар мен ата-аналардың өздері тұратын аулалар мен алаңдарын тазалауға үлесін қосқанын бақылау қызықты. Бұл – өскелең ұрпақ үшін тамаша үлгі. Жаңа буынға таза және көркем табиғат қалдыру – міндетіміз. Табиғат күллі тіршілік атаулының құтты қоныс мекені, алтын ұя, тал бесігі. Барша адамзат өкіліне ауа, су, жер ортақ. Сондықтан жердің қадірін, байлығын бағалай білу, жалпы табиғатты қорғау, таза ұстау – бәріміздің міндетіміз. Шара тұрғындардың қоғамға деген жағымды қарым-қатынасын қалыптастырып, көше тазалығын сақтау және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталды, – деп атап өтті қалалық мәслихат депутаты Александр Бочаров.

Акция аясында үздіктерді анықтайтын «Үздік аула» конкурсы жарияланған болатын. Тұрғындар әлеуметтік желіде дауыс беру арқылы үздік 5 ауланы анықтамақ. Жеңімпаздар мамыр айының соңында марапатталады.

Сурет **автордан**

Экологиялық акция қыза түсті

«Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында Балқаш қаласында экологиялық науқан жалғасуда. Жақында Мағауия Хамзин атындағы мәдениет сарайының аумағында орналасқан «Жастар» гүлзарында көктемгі ағаш егу акциясы басталды. Бұл – акция өткен жылғы басталған іс-шаралардың бірі. Бұдан жарты жыл бұрын, Республика күні қарсаңында бұл саябаққа 335 түп көшет егілген болатын.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көктемгі тал егу акциясына «Қазақмыс Смэлтинг» ЖШС-нің өндірістік директоры Марат Аубакиров, Балқаш қаласы әкімі Сапар Сатаев пен қалалық мәслихаттың төрағасы Ахат Мүслімов, ҚР Құрметті металлургі, Балқаш қаласының Құрметті азаматы Дүйсенғали Байқуатов, қала әкімінің орынбасарлары мен білім бөлімінің басшысы, корпорацияның еңбек ұжымдары, экологтар мен коммуналдық кәсіпорындардың өкілдері қатысты.

Бұл жолы «Жастар» скверіне 24 түп шырша көшеті егілді.

– Былтырдан бері тал егу жұмыстары суару жүйесі бар жерлерде ғана жүргізіліп отыр. Қаладағы суару жүйесі мамыр айында көлден су соратын сорап іске қосылғаннан кейін жұмысын бастайды. Оған дейін егілген көшеттерді суара тұру коммуналдық кәсіпорындарға жүктелді. Бұған мектептер, тағы да басқа мекемелер көмектеспек. Биыл көктемгі тал егу науқанына «Қазақмыс» корпорациясы 1800 түп ағаш көшетін әкеліп берді. Олардың ішінде жапырақты және қылқан жапырақты ағаштар бар. Көбісін қаладағы мекемелерге таратып бердік. Қала кәсіпкерлері өз нысандарының алдына егу үшін 200-ден аса көшет алды. ПИК-тер өздеріне қарайтын, суару жүйесі жұмыс істейтін көпқабатты үйлердің маңайына тұрғындармен бірлесіп керегінше ағаш егеді, – деді қала әкімі Сапар Сатаев.

Экологтардың айтуынша, қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті. Әрбір тұрғын өзі тұратын үйдің ауласын таза ұстаса, бұл олардың өңір тазалығына қосқан үлесі. Қалада тал егу жұмыстары күзде де жалғасады.

Сонымен қатар, республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының екінші аптасы «Киелі мекен» тақырыбымен өтті. Бұл апта халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күніне тұспа-тұс келгендіктен, тазалық іс-шаралары тарихи-мәдени ескерткіштердің аумағын абаттандыру жұмысына арналды.

Қалалық білім бөлімінің жалпы білім беретін мектептері экологиялық акция аясында ұйымдастырылған тарихи-мәдени ескерткіштер маңайын тазалау және абаттандыру жұмыстарына белсенді қатысты. Атап айтқанда, №2 Абай атындағы лицей, №7 С.Сейфуллин атындағы мектеп-гимназиясы, №15 Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейі, №25 Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі өз аулаларындағы тарихи тұлғаларға арнап қойылған ескерткіш мүсіндерді жуып тазалап, маңайын ретке келтірді. Ал, №4 жалпы білім беретін мектеп оқушылары Қараменде би көшесі бойындағы сквердегі орналасқан Қараменде би ескерткішінің маңайын қоқыстан тазалап, акцияға ерекше атсалысты.

Қаламыздағы бірқатар мектептер «Жасыл мектеп» жобасы бойынша жұмыс атқарады. Осы жоба аясында олар өз мектептерінің аулаларындағы тарихи тұлғалардың ескерткіштерінің алдына гүл егіп, оны баптап-күтіп, жаз бойы суарып өсіреді. Атап айтар болсақ, саябақтар, алаңдар, мәдени орындарға сенбілік жұмыстарын жүргізумен қатар, ондағы тал-дарақтарға күтім жасалды.

БАЛҚАШ

Сурет **автордан**

Ұлттық бірегейлік ұлы мұратқа жетелейді

2024 жылдың 14-15 наурызында еліміздің батыс өңіріндегі Атырау қаласында Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысы өтті. «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» тақырыбындағы бұл алқалы жиында көптеген қоғамдық мәселелер көтеріліп, зиялы қауым өкілдеріне, сарапшылар қауымдастығы мен БАҚ өкілдеріне бірнеше үндеу жарияланып, қоғамдық орын алған кеселдерге біріге қарсы тұрудың тиімді тұстары ұсынылды.

Осы арада Құрылтайда көтерілген өзекті мәселелердің бірі – ұлттың бірлігі, бірегейлігі жөнінде көтерілген мәселелерге тоқталсақ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысында халықтың береке-бірлігін сақтаудың елдігіміз үшін қашанда маңызды екендігін атап өтті. «Ынтымағы жарасқан, ортақ мақсатқа ұйысқан ұлт ешқашан ұтылмайды, ештеңеден құр қалмайды. Бұл істе зиялы қауым айрықша рөл атқарады. Әсіресе, елге сөзі өтетін аға буынның орны бөлек. Олар – қазақтың қаймағы, ұлттың мақтанышы», – деп атап көрсетті. Осы арада әйгілі Күлтегіннің мына сөзі ойымызға оралады: «Бегі мен халқының ынтымағы жоқ жерде, дұшпаның алдауына сенген, арбауына көнген жерде, інісі мен ағасы дауласқан, бегі менен қарашасы жауласқан жерде ел елдігінен айырылады». Қай заманда болсын, өзегін жоғалтпаған бұл мәселе – бүгінгі қоғамда да басты орында екендігі сөзсіз! Елдің тұтастығы зиялы қауымның бірлігінде екендігін баса көрсете келе, ел ағаларының арасында ауызбіршіліктің маңыздылығы қоғамға өте қажет екендігін айтып, оларды ұрпаққа өнеге болатын кесек әңгіме айтуға шақырды.

Мұнымен қоса зиялы қауымның кейбір өкілдері, тіпті, мемлекеттік қызметшілер де орынсыз байбалам салып, айналасын сынап-мінеуді әдетке айналдырғандығын тілге тиек етті. Мұндайды доғарып, қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылағанда зиялы қауымды байыпты болуға шақырды. «Үнемі артқа қарайлап, өткен күнге өкпе арта беруге болмайды. Әлем қауымдастығында лайықты орнын иеленуді қалайтын ұлт өзін өзгелерден кем сезінуден және әлеуетін әлсірететін жалған түсініктерден арылып, болашаққа нық сеніммен қарауы керек», – деп нақты көрсетті.

Ұлттық бірегейлік мәселесін көтергенде, қоғамда орын алған жағымсыз жайттар қатарында ата-бабасының, жерлесінің есімін ұлықтауды сұрап, ұжымдық хат жазу сияқты келеңсіз әдетті де атап көрсетті. Атасына ескерткіш қоюды, көшеге атын беруді өтінетіндердің көбейгендігін және мұндай ұстанымдар еліміздің біртұтас идеологиялық кеңістігіне зиян келтіретіндігін баяндады. Ал бұл мәселенің ұрпақ тәрбиесіне кесірін тигізіп, қазақты бөліп-жаруға әкелетіндігін көрсете білді. Біз жалпыұлттық деңгейде ойлауға ұмтылып, әрбір қазақтың ата-бабасын құрметтейтінін, рухына тағзым ететінін, шежіренің біздің мәдени кодымыздың ажырамас бөлігі екендігін ұмытпауымыз керек екендігін алға тартты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайда барлық пікірді қорыта келе, ұлттың жаңа келбетін айқындайтын негізгі құндылықтарға тоқталды. Соның ішінде, ең алдымен, Тәуелсіздік және отаншылдық мәселесін айтқан кезде халқымыздың мәдени кодын үнемі заман талабына сай бейімдеп отыру арқылы ғана ең маңызды міндетімізді орындай алатындығымызды, яғни қастерлі Тәуелсіздігімізді сақтап, нығайта түсетіндігімізге мән берді. Ұлттық бірегейлік мәселесін көтергенде, бұл дін мәселесіне де қатысты екендігі сөзсіз. Дәстүрлі дінге ден қою деген идея да көтерілді. Соңғы жылдары ел ішінде қара киініп, тұмшаланып жүретін адамдардың, өз азаматтарымыздың көбейгендігін көрсете келе, халқымыздың дүниетанымында қара киініп жүру деген атымен болмағанын, бұл – еліктеушіліктен, әсіреділдіктен туған үрдіс екендігін көрсетті.

Біздің салт-дәстүрімізден ажырамауымыз керек екендігін алға тартты. Радикалды неофиттер халқымыздың салтында жоқ киім үлгілері арқылы да жат діни идеалдарды қоғамға таңуға тырысып жүрген жағымсыз жайтты және бұл жағдайдың дәстүрлі ұғымдарымыз бен құндылықтарымызға жасалып жатқан ашық шабуыл екені көрсетілді. Біз бабаларымыздың сан мыңжылдық діни ілімі мен рухани бағдарына арқа сүйеуіміз керек екендігі, еліміздің рухани дербестігін сақтап, оны нығайта түсеміз десек, түркі халықтарының көпшілігінің, соның ішінде қазақтардың дәстүрлі діні – сунниттік бағыттағы ханафи мәзhабына ден қоюымыз қажет екендігі айтылды. Бүгінгі күні кейбір ірі компаниялар мен оқу орындары ұлттық нақышта киіну үрдісін енгізіп, жақсы, орынды бастама көтергендігі, оны қолдап, ауқымын кеңейту қажет екендігіне баса назар аударды.

Ұлттық бірегейлігімізді нығайту мәселесін айтқанда ұлттың бейнесін көрсететін ұлттық құндылықтарымызды дәріптеудің де маңыздылығын алға тартты. Ұлыстың ұлы күнін бүкіл ел болып жаңаша атап өту биылғы жылы жаңа форматқа ие болғандығын көрсетті. Арнайы тұжырымдама қабылданды. Әрине, бүкіл әлем жұртшылығымен бірге қарсы алатын Жаңа жыл мерекесінен бас тартпайтындығымыз, бірақ әз Наурыздың мәртебесін көтеріп, мазмұнын байытып, Көрісу күнінен басталатын мейрам кезінде әр күннің өз атауына ие болғандығын, Ұлттық киім күнінің қосылғандығын атап өтті. «Басқа жұрт қазақты киімінен танитын болуы керек. Мен былтыр ауызашар берген кезде осы мәселеге арнайы тоқталдым», – деп атап айтты.

«Елімізде қыз алып қашуды, көп әйел алуды ұлттық дәстүр санап, ел ішінде дәріптегісі келетіндер бар. Бұл – мүлдем ақтауға болмайтын заңсыздық, қараңғылық, тіпті, масқара тірлік. Өркениетті қоғамда әр азаматтың абыройы, құқығы және бостандығы баға жетпес құндылық болуы керек. Сондықтан мұндай ақылға сыймайтын әрекеттерді қатаң сынға алу жеткіліксіз. Оған құқықтық баға беріліп, біржола тосқауыл қойылуға тиіс» деп Президентіміз дәстүрдің озығын алып, тозығынан бас тартуды еске салды. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» дегендей нашақорлық, лудомания деген кеселдермен күресу қажеттігіне шақырды. Есірткі заттарын өндіретін адамдардың жазасын барынша қатайтып, ең ауыр қылмыстарға теңестіру қажет екендігі және Парламентті бұл бастаманы қолдауға шақырды.

Тағы бір қауіпті кесел – лудомания, яғни құмарпаздық. 400 мыңға жуық азамат букмекерлік кеңселер мен казинолардың тұрақты клиенті, бейбіт күнде елдің шырқын бұзып жатқан қатер екендігін де Құрылтайда Президентіміз ерекше атап өтті.

Ұлттық Құрылтайдың идеологиялық бағдары болған ұлттық бірегейлік – бүгінгі Әділетті Қазақстан қоғамын құрудағы басты шарт. Дәстүрлі дала демократиясына негізделген бұл алқалы жиында көтерілген ел мен жердің тағдыр шешті мәселелері Қазақстанның мәдени-рухани және саяси қайта жаңғыруы деп есептейміз.

Минар АМРИНА,
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті Қазақстан тарихы және Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты

Қоршаған орта қолдауға зәру

(Соңы. Басы 1-бетте)

Айта кету керек, мемлекеттік қызмет көрсету үдерісі толығымен автоматтандырылған және «Е-лицензиялау» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. Кез келген өндірісті кәсіпорынның теріс әсерін азайтудың бірден-бір жолы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі әзірленіп жатқан іс-шаралар жоспарларының толық көлемде орындалуы. Облыстың ірі кәсіпорындары 2024 жылдың I тоқсанына іс-шаралар жоспарын орындауға 1,6 млрд.теңге жұмсаған.

Жаңа Экологиялық кодекс шеңберінде, барлық экологиялық төлемдер, қоршаған ортаны қорғауға бағытталуы тиіс. Мәселен, салалық басқарма 2022-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын әзірледі. Онда Ақтоғай ауданында кәріз желілері мен тазарту құрылыстары мен сұрыптау желілерін салу, Балқаш қаласында қатты тұрмыстық қалдықтар полигонын орнату межеленді. Мұнымен бірге, биыл табиғат қорғау іс-шараларын орындауға 36 млрд. теңге жоспарланып, I тоқсанының қорытындысы бойынша 1,6 млрд. теңге игерілді, – деп қосты ведомство басшысы.

Технология – теңдессіз тетік

Экологияны жақсарту жөніндегі тағы бір маңызды құжат – Қарағанды облысының 2020-2024 жылдарға арналған экологиялық проблемаларын кешенді шешу жөніндегі жол картасы. Атаулы құжатты Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрі мен облыс әкімі бірлесіп бекіткен. Жол картасы жалпы 57 іс-шараны қамтиды. Бүгінгі күні шаң-газ тазалау жабдықтарын жөндеу және аумақтарын көгалдандыру, Теміртау мен Балқаш әкімдіктерімен LED-экрандар орнату, қалалар аумақтарын көгалдандыру сияқты 22 іс-шара орындалды. Биыл Жол картасы бойынша Балқаш, Шахтинск қалаларының кәріз суларын тазарту қондырғыларын салу жобаларын дайындау, Осакаров елді мекенінде қалдықтарды сұрыптау цехын салу, коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеу, ірі қалаларда жасылдандыру жұмыстарын жасау секілді 21 іс-шараның орындалуы кезекте тұр. Жол картасынан басқа, экологияны жақсартудың тиімді құралы ірі кәсіпорындарда заманауи технологияларды енгізе отырып, залалы кем өнеркәсіпті дамыту. Айта кету керек, мұндай тиімді технологияны енгізу 2025 жылдан бастап I санаттағы ірі нысандар үшін міндетті. Департамент ірі кәсіпорындардың ең үздік қолжетімді технологияларға уақытылы әрі тиімді көшуі, қоршаған ортаның сапасын айтарлықтай жақсартуға қол жеткізу мақсатында экологиялық заңнаманың талаптарын түсіндіру бойынша жұмыстар жүргізуде. Сондай-ақ, жаңа Экологиялық кодекс аясында ірі кәсіпорындар нақты уақыт режимінде зиянды заттар шығарындысын бақылауға мүмкіндік беретін, экологиялық қауіпсіз өндіріске автоматтандырылған жүйені енгізу бойынша ілкімді істер жасалуда. Мәселен, Теміртау электрометаллургиялық комбинаты, «Карцемент» сынды кәсіпорындарда бұл жүйе сәтті орнатылды. Биыл «Bassel Group LLS» «Kazakhmys Energy», «Топар басты тарату энергостанциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінде орнату межесі тұр.

Қалдық қайта өңделсе...

Ауаның ластануымен қатар, өндіріс және тұтыну қалдықтарымен ластану мәселесін де естен шығармаған абзал деп еске салды спикер. Коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу дегеніміз – ауылдық жерлердегі заңдастырылмаған полигондарын кеміту. Облыс аумағында, тұрмыстық қалдық атаулысын сауатты орналастырудың барлығы 168 нысаны бар. Оның 51-і заңдастырылған, ал 117-сі заңдастырылмаған күйде. Салалық басқарманың 2022-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, бұл бағытта Қарқаралы, Балқаш, Абай қалаларында және Ботақара, Нұра, Ақадыр кенттерінде сұрыптау тізбегі қарастырылған полигондар салу міндеті тұр. Келешекте қалдық атаулысын қайта өңдеп, қолданысқа енгізу мәселесі де түрлі деңгейде пысықталып жүр. Экология департаментінің өкілдері бұқаралық ақпарат құралдарының кең мүмкіндігін пайдаланып, облыс азаматтарын табиғатқа ұқыпты қарауға және қоқыс үйінділерінің пайда болуына жол бермеуге шақырды.

– Бәріміз бірігіп қана атамекенімізді табиғаты пен адамы үйлесімді өмір сүретін ғажайып мекенге айналдыра аламыз. Біздің қоршаған ортаны қорғау жолындағы күш-жігеріміз жақын болашақта әрбір тұрғыны таза ауаға тамсана алатын, жасыл желегі мен бай табиғатына таңырқай алатын кез – тек Сіздің ықтиярыңыздағы дүние. Аймақтың экологиялық ахуалы – ортақ байлығымыз. Ол үшін сауатты қадамдар жасап, қоршаған ортаға қамқорлық жасаудың өмірлік мәні зор. Келешек ұрпақ үшін табиғатты сақтауға өз үлесімізді қосып, өңірімізді экологиялық жауапкершілік пен орнықты дамудың үлгісіне айналдырайық! – деді облыстың бас экологы.

«Бұлақ көрсең, көзін аш!»

Қарағандыда сенбілік жалғасуда. Бұл жолы еріктілер тек қаланың көрнекі мекендерін ғана емес, сонымен қатар, бұлақтардың да маңайын қоқыс қалдықтарынан арылтуға күш біріктірді.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Экологиялық акцияның негізгі мақсаты – су қоймаларының жағалауларын тазарту. Акцияға жалпы саны 500-ден астам адам жиналды. Оның ішінде, экологиялық қозғалыстың еріктілері, жастар, депутаттар бар.

Ал, білім беру ісінің ардагері Өзбек Бимендин акцияға №76 және №8 жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын шақырды. Жиналған оқушылар акцияға белсене қатысты.

Бірлескен күш-жігердің арқасында жұмыс та жеңіл жүрді. Олар бұлақ маңын тап-тұйнақтай етіп жинады.

– Расында, мұндай игі шаралар керек. Оның үстіне бұл істі жастарға тапсыру да орынды. Қала жастары өз қаласына жанашырлық танытса, онда болашақ бар деген сөз. Өскелең ұрпақ табиғатқа жанашырлықты біліп, сезінгені жөн. Осындай ниетпен мектеп оқушыларын шақырдым. Меніңше, біз бұл міндеттің үдесінен шықтық, – деп атап өтті Өзбек Истайұлы.

Қала жастары игі істен қалыс қалған жоқ. Көктем шығысымен басталған сенбілікке атсалысып келеді. Сонымен қатар, Жастар ресурстық орталығының басшысы Якуб Джамалов та мұндай акцияның қала үшін ауадай қажеттігін айтты.

– Біздің орталықтың жұмысының көмегімен біз қала жастарын тек қоқыс тазалауға ғана емес, оның жиналуына жол бермеу үшін табиғатқа жауапкершілікпен және ұқыпты қарауға шақырамыз. Қаланың тазалығы тұрғындардың қолында, – дейді Якуб Джамалов.

Сенбілікті үйдің кіреберісінен бастады

Абай қаласының белсенді тұрғындары мен кәсіпкерлері «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында сенбілікке шықты. Олар «Таза кіреберіс» деген атаумен үйлерінің кіреберісінен бастап, ауладағы шашылған қоқыс қалдықтарына дейін жинап шықты.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Таза Қазақстан» акциясы басталғалы бері қаладан алты мың тоннаға жуық қоқыс қалдықтары шығарылыпты. Бүгінде сенбілік шаралары әлі жалғасуда. Мамыр айының соңына дейін әлі де талай қоқыс шығарылады деп жоспарлануда.

Мәселен, үшінші шағынаудан, №9 үйдің тұрғындары тазалықты үйдің кіреберісінен бастады. «Виктория» ПИК төрағасы Марина Фролкина көршілерінің басын қосып, тазалық шарасына атсалысты.

– Тұрғындар сенбілікке әрдайым әзір. Бірлесе жүріп, айналаны қоқыстан тазартамыз. Аулаға гүл егеміз. Кейбір адамдар балалар алаңын ластап кетеді. Одан бөлек, әткеншектерді де бұзып тастайды. Балалар күнде далада ойнап жүрген соң аулада мұндай келеңсіз жағдайларға жол бергіміз жоқ. Сондықтан, үнемі сенбілікке шығып, ауламызды тазалаймыз. Бізбен бірге сенбілікке шығып жүрген жанашыр жандарға алғысымды айтамын, – деді Марина Фролкина.

Қоқыс тек ойын алаңдарында ғана емес, басқа аумақта да шашылған. Мәселен, Шаңырақ және Гете көшесінің қиылысы жылдар бойы тазаланбаған. Тұрғындар осы жайтты ескере отырып, аталған жерді қоқыстан тазартты.

– Қаланың тазарғанын көріп, қуанып отырмыз. Заңсыз қоқыс үйінділері азайды. Қашан да осындай сенбіліктерге қатысуға әзірміз, – деді кәсіпкер, аудандық Қоғамдық кеңестің мүшесі Гүлнар Ағзамова.

Ержан ИМАШ
АБАЙ

Сурет ұйымдастырушылардан

Белгілі журналист Әли Тойжігіт – 70 жаста

Телеарна тарланы

Қазақстанның Халық жазушысы, ақын, Мемлекет және қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов 1981 жылы Қарағандыға келгенде жас журналист Әлекеңе былайша бата берген болатын:

Менің інім
Тойжігітов Әлиді,
Қазір бүкіл Қарағанды
таниды...
Ұшқыр уақыт
жақындатсын алысын,
Ертең оны байтақ Отан
танысын!

Аумин! – деген еді. Ақынның ақ батасы қабыл болды. Ол «Saryarqa» телеарнасында 43 жыл жемісті еңбек етіп, қасиетті қарашаңырақтың қалыптасуы мен дамуына өлшеусіз үлесін қосты.

Еңбегі еш кеткен жоқ, маңдай тердің жемісін көрді. Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Ақпарат саласының үздігі, Қазақстанның Құрметті журналисі, «Алтын Сұңқар», «Алтын қалам» және «Нұр Сұңқар» сыйлықтарының иегері атанды. Нағыз телеарнаның тарланы болды!

Әли ағамыздың алғашқы бағдарламасы – «Жас қанат» деп аталатын. Біз оны 80-ші жылдары мектепте оқып жүргенде талай рет теледидардан көргенбіз. Әр алуан салада еңбек ететін жастар мен студенттерді студияға жиі шақырып, сындарлы сұхбат өткізуші еді. Олардың әлеуметтік мәселелерін әңгімелеп, тіршілік тынысынан жан-жақты сыр шертетін.

Кезінде Қазақстанда қой санын 50 миллионға жеткізу жөнінде жоғарыдан пәрменді тапсырма берілген болатын. «Мұны біз де қолдаймыз!» деп, Семей облысының мектеп түлектері жаңадан комсомол шопандар бригадасын құру жөнінде республика жастарына Үндеу тастады. Бұл бастаманы Қарқаралы мен Егіндібұлақ ауданының жастары бірден қолдады. Бірер жылдың ішінде бұл өңірде мектеп бітірген жастардан 24 шопандар бригадасы құрылды. Олар туралы Әлекең теледидардан бірнеше хабарлар топтамасын дайындағаны әлі есімде.

Өмір мектебінен өтіп, мол тәжірибе жинақтаған ағамыз әр жылдары «Дархан дала», «Ауыл тынысы», «Жазира» бағдарламаларын ұзақ уақыт жүргізді. Ауыл шаруашылық саласына ерекше бет бұрып, шалғайдағы еңбек адамдарының, малшылар мен дихандардың, ауыл Мәдениеті мен кітапханалардың және мектеп оқушылары мен жұмыссыз жастардың проблемаларын тереңінен қозғап, оның оң шешілуіне ықпал жасады.

Бұдан бөлек біраз жыл «Өндірісті өлке» хабарын дайындады. От жалынға оранған теміртаулық металлургтер мен кен қопарған кеншілердің қол жеткен жетістіктерін әрдайым әңгімелеп, күрмеуі қиын күрделі мәселеге жиі көңіл бөлді. Сондай-ақ, көрерменнің көзайымына бөленген «Сұхбат», «Мәселенің мәнісі», «Көңілде жүрген ой еді», «Сарыарқада жасалған», «Бетпе-бет» сияқты авторлық хабарларын тұрақты түрде жүргізіп отырды. Бұл бағдарламалар облысымыздың басты арнасы «Saryarqa» телеарнасының мерейін үстем етті.

Әлекең еңбек жолын қатардағы редакторлықтан бастап, Бас редакторлық қызметке дейін көтерілді. Көп жылдар бойы қазақ редакциясына басшылық жасап, өзінің білгенін жастарға молынан үйрете білді. Кезінде осы шаңырақта жұмыс істеп, тәжірибе жинақтаған 24 журналисіміз қазір республикалық газеттер мен жетекші арналарда, тіпті, шет елдерде меншікті тілші болып жемісті еңбек етіп жүр. Сол әріптестеріміздің көбі – қарымды қаламгердің шәкірттері. Ағамыз әр жылдары облыс айнасы саналатын «Жаңалықтар» бағдарламасының уақытылы шығуына және ақпараттардың шынайылығына ерекше көңіл бөліп отырды. Бұл жақсы үрдіс қазірде жалғасын табуда.

Бұл күндері облыс көлемінде болып жатқан соңғы жаңалықтар әр үш сағат сайын көрермен назарына ұсынылады. Заманауи техниканың жетістіктерін пайдалану үшін журналистерге барынша жағдай жасалған. Әлекеңнің бүгінгі ізбасар інілері мен қарындастары дайындаған материалдар күн сайын көгілдір экраннан бір рет қазақ және орыс тілдерінде сурдоаударма арқылы беріледі. Облыс тұрғындарының 100 пайызы «Жаңалықтар» бағдарламасын спутниктік жүйе арқылы көре алады. Өңірде тек біздің жаңалықтарымыз ғана тікелей эфирге шығып жүр.

Телеарна тоқырау жылдарында да тоқтаған жоқ. Сол кездерде қызықты, әрі ақылы хабарлар дайындалып, қаржы мәселесіне редакторларымыз өз үлестерін қоса білді. Осы орайда Әли ағамыздың «Ойлан, тап» деп аталатын бір сағаттық шоу бағдарламасы еске түседі. Бұл – әлемге әйгілі мәскеулік «Поле чудес» хабарының қазақи баламасы болатын. Басты мақсат – ұлттық рухани байлығымызды, салт-дәстүріміз бен мәдениетімізді, тіліміз бен ділімізді көрерменге көбірек таныстыру еді. Көмір бірлестігінің бірнеше шахталары бағдарламаға тұрақты демеушілік танытып, қаржылай және заттай сыйлықтармен қамтамасыз етті. Олармен ұдайы іскерлік байланыс жасаудағы Әлекеңнің еңбегі ерекше болды.

Кейіннен «Ойлан, тап» деген атаумен ақшалай, заттай ойын лотереясы жасалып, билеттер іргелі кәсіпорындарға өткізіліп, біразы сауда нүктелері бойынша сатылымға шықты. Одан түскен қаржының 50 пайызы ұтысқа, қалғаны телеарнаның қажетіне жұмсалды. Айына екі рет тікелей эфирден берілген бұл бағдарлама көп кешікпей халықтың сүйікті хабарына айналды.

Әли Тойжігіттің 2000-шы жылдары дайындаған «Әкіммен әңгіме», «Күнбе-күн», «Ғибрат», «2050», «Ауыл тынысы» сияқты хабарлары көтерген тақырыптарының өзектілігімен көрерменнің көңілінен шыға білді. «Uaqyt.kz» деп аталатын танымал авторлық бағдарламасын әріптестері әлі күнге дейін жалғастырып келеді.

Телеарна ұжымдасып жұмыс істеуді қажет етеді. Эфирге шығатын кез келген бағдарламада редактор мен режиссердің, оператор мен монтажердың және дыбыс режиссері мен телеоператордың қолтаңбасы бар. Сондықтан осы маман иелері бірлесе отырып, ынтымақтаса жұмыс істегенде ғана хабар сапалы, әрі тартымды болады. «Бес саусақ бірікпесе, ине қолға ілікпейді» дегендей, ол үшін түсіністік қажет. Бұл міндетті Әлекең шебер меңгерген. Оның әр хабарының қызықты болуы – әріптестерімен жете тіл табысуының нәтижесі деп ойлаймын.

Қорыта айтқанда, 65 жылдан бері көрерменнен көз жазбай келе жатқан Қарағанды облыстық телекомпаниясы – қазір республикамыздағы алдыңғы қатарлы қарашаңырақтың бірі. Біз бүгін телеарнаның қалыптасып, дамуына сүбелі үлесін қосқан, «Менің өмірім – менің өлеңімде» деп Сергей Есенин айтқандай, бар өмірін «Saryarqa» телеарнасында өткізген қарымды қаламгер, Қазақстанның Құрметті журналисі Әли Тойжігітті мерейтойымен құттықтап, ағамызға зор денсаулық, шығармашылық табыс және баянды бақыт тілейміз.

Берік ДҮЙСЕТАЕВ,
облыстық «Saryarqa»
телеарнасының директоры

Жетпіске келген Әлиге

Шуақ шашқан пейілімен, үнімен,
Әли атты дархан жүрек інім ең.
Қарағанды қаласының төрінде
Мерейтойың болатынын біліп ем...
Ғұмыр бойы ізгілікті іздеп өт,
Келінменен қол ұстасып жүзге жет!

Мұхтар ШАХАНОВ,
Қазақстанның Халық жазушысы, ақын,
Қазақстанның Еңбек Ері,
Мемлекет және қоғам қайраткері

Сол жылдар...

(Әли Тойжігітке)

Бау, Әлеке, думан қайда,
Туған қайда белі нық.
Жетпісінші жылдар қайда,
Желпілдейтін желігіп.

Қайда сол жаз, сондағы күз,
Жанған оттай лапылдар.
Ойымызда – ойнақы қыз,
Қолымызда – «Капитал».

Балауса шақ шырқатты өлең,
Білімде деп аласым.
Қара жолғып филфак пенен
Жатақхана арасын.

Жыл жүгіріп, аттаған ай,
Күздің лебі ызғарлы, ә?
Кемпір бопты, әттеген-ай,
Біздер сүйген қыздар да.

«Бесті» жуып, байып көп күн,
Қанға қуат беретін.
Қыздар түгіл, ғайып бопты
«Портвейн» 12-ің».

«Бульварда» еді атағымыз,
Шатағымыз көктемде.
Айтпақшы, әлгі жатағымыз,
Банк болып кеткен бе?

Қайда сол бір бағасы бай,
Жүйткіген кез дүлдүлмен.
Жас дәуреннің дәл осылай,
Жалт берерін кім білген?!

Дегенмен, үміт те ерлік,
Өрге тартқан жебелеп.
Жұрт танитын жігіт болдық,
Одан өзге не керек?!

Құтты болсын ұлы тойың,
Тойлау үшін туады ер.
Мен жүз белес жүгірейін,
Сен соңымнан қуа бер!

Абзал БӨКЕН,
ақын, Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі,
Халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының лауреаты

Әлекеңнің ел білмейтін ерліктері

Азаматтық болмыс – екінің бірінің бойынан табыла бермейтін құбылыс. Ал, жазуды, сөз өнерін жанына серік еткендер үшін бұл – өмірдің басты қағидаты. Өйткені, елдің алғысын алып, ыстық ықыласына бөленіп жүру – бір бөлек те, соңыннан ерген жас буынға үлгі болып, азаматтық істеріңмен бағыт-бағдар көрсету – бір басқа. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз – 40 жылдан астам өмірін телевизия саласына арнаған аяулы журналист Әли Тойжігіт. Телеэкран арқылы халқының көзайымына айналып, сүйікті журналисі бола білген Әли ағамыз қолынан микрофонын тастамай жүріп-ақ, қаламның да киесін сезіне білді. Бірнеше кітап жазды. Бірақ, біз бұл жазбамызда телеарна ардагерінің азаматтық қырына үңілмекпіз. Әли ағамыз өмір жолында азаматтық танытып, сол биіктен көрініп келеді. Көп созбай-ақ, соның бірнешеуіне тоқталайық...

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Біздің назарымызды ерекше бұрған «Мерседес» жайлы оқиға. Әли Тойжігіт ағамыздың өзінен сұрап алдық.

Ұтыс лотереясынан «Мерседес» автокөлігін ұтып, оны иесіне қайтарып беру – үлкен ерлік. Мұндай құбылысты өмірде көп кездестірмейсіз. Бұл оқиғаны кейіпкеріміз былай еске алады.

«Әкеміздің туған інісі Серікбай көкеміздің балалары ауылда жұмыс болмай, түгелдей отбасымен 2007 жылы Астанаға көшіп келді. Елорда енді-енді дамып, қалада алуан түрлі құрылыс ғимараттары салынып, жұмыс дегеніңіз күні-түні жүргізіліп жатқан шақ. Қанша айтқанмен жұмыс қолы жетіспейді. Осыны естіген Оңтүстіктегі туыстарым көштен қалмай, күнкөріс үшін осында келді емес пе. Тепсе темір үзетін інілерім, пәленбай теңгеге пәтер жалдап жұмыс істеді. Қайсыбірі автобус айдады. Енді бірі, әсіресе, жеңіл көлігі барлар кісі тасып, күнделікті көже-қатығына нәпақа таба бастады. Арада үш жыл өткен соң, осындай қызмет істеп жүріп, Артықбай дейтін ініміздің баласы аяқ астынан жазықсыздан жазықсыз істі болып қалды.

Әділдіктің шыңына жете алмай, әлгі бауырымыз 3 жылға сотталып кетті. Артында шиеттей балалары мен жұмыссыз жары қалды. Әкесі де көлігімен кісі тасып күн көріп жүрді. Біреулерге сөйлескен екен, қомақты қаржы болса босатып жіберуге әзір екенін айтыпты. Перзенті үшін ата-ана неге болса да барады ғой. Содан көлденең табысы, туыстардан ақшалай көмек болмаған соң, әлгі күнкөрістегі көліктерін сатуға кірісті. Базарға апарса, бағасы көңілдегідей болмаған. Жүрістегі көлікті кім ала қойсын. Содан ағайын-туыс, таныс жігіттер «Машиналарды лотерея ойыны арқылы сат! Сол саған тиімді болады» деп кеңес беріпті. Осы игілікті шараға бұл күндері Қазақстан Республикасы су шаруашылығы комитетінің бөлім бастығы, білікті азамат Әбдәшім Ешпаев бас-көз болып, ауылдас жігіттер Дәулет Қалмұрзаев, Әбдіуәлі Мұсырманқұлұлы, Бибосын, Талғат Мамытов сияқты азаматтар оның оң шешілуіне атсалысты.

Шымкент жағында әлгі ұтыс ойыны ара-тұра пайдаланылады. Егер оны дұрыс ұйымдастыра білсе, көлік сатушы үшін пайдасы тәуір. Айталық базарға бірнеше рет барып жүріп, әлгі көлікті әрең 8 мың долларға пұлдаса, ұтыс ойыны арқылы оны 10 мың доллардан асырып сатуға болады. Артықбай ініміз амалсыз сол іс-әрекетке көшіп, баспадан заңдастырып, ұтыс лотереясын шығарған. Бір билеттің бағасы 10 мың теңге. Жігіттер ұйымшылдық танытып, әлгі билеттерді елдегі және осы маңдағы ағайын-туыс, жерлестерге, басқа да таныстарға сатты. Әркім жағдайына қарап алды. Енді біреулер 2-3-тен, қайсыбірі, тіпті, сатып алған жоқ. Мен қанша айтқанмен туысқанмын ғой, 5 билетін бірақ алдым. Барлық билеттер сатылған соң, Астанада арнайы комиссиядан құрылған топ ел-жұрттың алдында әлгі нөмірленген билеттерді барабанға салып ойнатыпты. Бағыңыз жанса, 10 мың теңге төлеп, машиналы боласыз. «Мерседес» пен «Опель» ұтысқа қойылған.

Астанада өткен ойынға жұмыс бабына байланысты қатыса алмадым. Бірақ, 200 адамның ішінде менің №58 билетіме «Мерседес» көлігі ұтысқа шығыпты. Маған сол жерде тұрған жігіттер хабарласып, ұялы телефонмен сүйінші сұрады.

Екі-үш күннен соң әлгі машинаны Қарағандыға айдап әкелді жігіттер. Көрдім, «Мерседестің» жағдайы өте жақсы. 2001 жылғы екен, жүйткіп тұр. Олар келгенше отбасыммен ақылдасып, машинаны Артықбай бауырымның өзіне қайтарып беретін болып шештік.

Неге? Өйткені, сол көліктің арқасында шиеттей бала-шағасын кісі тасып, асырап отыр емес пе.

Екі көліктен айырылды. Өздері болса қаланың шетіндегі «мың торғай қамасаң, бір торғай қалмайтын» үйді пәтер ретінде қомақты қаржыға жалдап отыр. Енді қалай күн көрмек? Мерседеске міниіп, шалқайып жүргенім қай адамшылыққа жатады?

Астанадан келген жігіттерге осы шешімді айтқанда, олар не сенерін, не сенбесін білмей аңтарылып, тұрып қалды.

Сол күні кешке Шымкенттен Артықбайдың әкесі, күні кеше қажылыққа барып қайтқан Серікбай көкем үйге телефон соғып, ақ батасын берді. Абыз ағаның шынайы тілегінен артық қандай байлық бар дейсің?!», – деп еске алады өзі «Мерседес оқиғасын».

Әли Тойжігіттің ел білмейтін тағы бір азаматтығы бар. «Жақсылар жақсымын деп айта алмайды» деген бар. Біз ардагер журналисттің мерейтойы қарсаңында халқының алдында мерейі тасысын деп, соны да жазуды жөн көріп отырмыз.

Әли Тойжігітов бір жылдары сонау Павлодар облысының аумағында жатқан Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің кесенесіне жолбелгі орнатқан. Журналистикаға келгеннен бері халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған азаматтың бұл әрекетін көпшілік білмейді. Өйткені, өзінің жақсы атты болуы үшін емес, елінің игілігі үшін еңбек ететін ердің істейтіні осы болса керек.

Алда-жалда Баянауыл жаққа сапарлатып, Мәшһүр әулиенің кесенесіне қарай ат басын бұрсаңыз, сондағы жолбелгіге қарап мерейлі 70 жасқа толған Әли ұлдарыңызды еске аларсыздар, қадірменді оқырман!

Танымал тележурналист, облыстық «Saryarqa» телеарнасының ардагері, Әли Тойжігіттің «Күміс күлкі» деп аталатын кітабына белгілі жазушы, аудармашы, кезінде «Орталық Қазақстан» газетінің бас редакторы болған Өтен Ахмет алғысөз жазыпты. Алғысөзде Өтен Ахмет мерейтой иесінің жазу қабілетіне тоқталған екен. Әли Тойжігіттің бір қыры осында ашылған. Сол себепті де ағаның ақ пейілді жазбасын осы мерекелік айқармаға жариялағанды жөн көрдік.

РЕДАКЦИЯДАН

Күлкі ғұмырынды ұзартады

«Күлкі көңіл көтереді» деп атам қазақ текке айтпаған. Түсіне білгенге осынау аталы сөздің астарында терең мағына жатыр. Ендеше, бұл өмірде көңілді жүргенге не жетсін! Бойыңа қуат, жүзіңе шуақ сыйлайтын сол күлкінің бір парасын – көркем шығармалар мен қызықты әңгімелерден іздеген жөн. Қолыңыздағы мына кітапта бойыңызға рухани қуат беретін дүниелер жетерлік.

Авторы – Әли Тойжігіт. Белгілі тележурналист. Мен оны 1978 жылы Қарағанды облыстық телерадио комитетінде бас редактор болып жүргенімде қызметке қабылдаған едім. Ең бастысы – ақын інім аға сенімін ақтады. Ол аталмыш телеарнада 43 жыл жемісті еңбек етті. Өмір мектебінен өтіп, көп нәрсені көңіліне түйді. Қарымды қаламгер қиындықтан қаймықпай, журналистиканың жүгін көтере білді. Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Ақпарат саласының үздігі, Қазақстанның Құрметті журналисі, «Алтын Сұңқар», «Алтын қалам», «Нұр Сұңқар» сыйлықтарының жеңімпазы болды. Бұл – ұзақ жылғы маңдай тердің жемісі! Әли қолынан микрофоны мен қаламын тастамай, қойын кітапшасына керегін жазып жүрді. Сол жылдардан сыр шерткен бірнеше кітабы оқырманнан оң бағасын алды.

«Күміс күлкі» деп аталатын бұл еңбегі тосын оқиғалар мен қызықты әрі, деректі әңгімелерден тұрады екен. Оның біразы «Қазақ әдебиеті» мен «Орталық Қазақстан» газетінің бірнеше санына жарияланды. Оқып отырғанда еріксіз жымиясыз... Әр дүниесі оқырманға әдемі күлкі сыйлайды. Ол ойдан құралған жасанды күлкі емес, өмір шындығынан өрілген шынайы күлкі!

Қазір, көлемі құлаш-құлаш роман, повестердің уақыты өткендей. Социалистік реализм дәуірі келместің кемесімен кетті. Тек оқырманға қысқа да нұсқа, адамды жалықтырмайтын әңгімелер керек-ақ. Осы тұрғыдан алғанда автор көпірме сөздің көбігін қалқып тастап, қызықты да, деректі оқиғалар мен шынайы шындыққа көбірек көңіл бөлген. Тереңірек үңілсеңіз, қайсыбір әңгімелердің астарында танымдық, тәрбиелік ойлар бар. Яғни, Әлидің өзіндік қолтаңбасы көрініп тұр. Талабыңа нұр жаусын деп батамды беремін!

«Күлкі адам ғұмырын ұзартады» дейді ғалымдар. Олай болса «Күміс күлкі» күмбірлей берсін! Авторға ақ жол тілеймін, әрдайым оқырманы көп болсын!

Өтен АХМЕТ,
жазушы, драматург, аудармашы, өнертанушы,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты,
Мәдениет саласының үздігі және «Халық алғысы» медалінің иегері

Әлекеңе ақ тілек!

Менің досым Мүслиманың Әлиін,
Түгел біледі, әр ауылың, әр үйің.
Ширек ғасыр маған тұңғыш
ұлындай,
Беріп қойған арендаға зал үйін.

Ығып жүрер бейсауат жан,
бата алмай,
Жаныма кеп, дұрыстап тіл қата
алмай.
Ең алғашқы танысқанда Әлимен,
Бастық едім, бөлімшеде бақандай.

Төл науқаны, күндіз-түні мазам жоқ,
Төлші тапшы, жерден қалай
қазам деп.
Жүргенімде бір жас жігіт келіп тұр,
Тілші едім, Бәке, Сізді жазам деп.

Тілші болсаң жаз бауырым,
жаз дедім,
Шындықты белуардан қаз, дедім.
Бақыт деген, бақташы бар осында,
Ондай еңбек адамдары аз дедім.

Әли кетті, бір ай болды арада,
Шаруа күйттеп, жүріп
жаттым далада.
«Орталыққа» бір мақала жарқ етті,
Мен туралы ой саларлық санама.

Содан бері қырық бес жыл өтіпті,
Достығымыз мәңгілік боп кетіпті.
Ер жасы деп, жұбататын ағалар,
Сол жетпіске – Әлекең де жетіпті.

Бүршік жарған бәйшешегі
даланың,
Ата-ана үшін орны бөлек баланың.
Тек қызық пен қуанышын әкелсін,
Қос құлының, Бұланың мен Жанарың.

Мүслима келін болып түскен күн,
Мол ырызыққа толған үсті үстелдің.
Содан болар қай мезгілде барсаң да,
Сорпасы мен шайы дайын
Мүскеңнің.

Сен көл болсаң, ол жағаңның
жартасы,
Бұлақ болсаң, ол түбіндегі малтасы.
Әли емес, Әлекең боп жүргенің,
Мен айтар ем, Мүслиманың да
арқасы.

Қиянатқа көңілде орын қалмаған,
Жүрегіңе сыйып кетер бар ғалам.
Қолдан келсе дұшпанға да
жақсылық,
Жасайтұғын мінезіңе таңғалам.

Жасандылық досым саған жат бүгін,
Өмір сыйы, жайсаң мінез
шаттығың.
Марапат пен абыройдың, атақтың,
Ең биігі – сенің азаматтығың!

Бағдат ШАХМЕРДЕНОВ,
«Би-Ата» шаруа қожалығының басшысы, ақын

Талғамы биік тележурналист

Осы уақытқа дейін теледидар көріп келгеніміз рас. Ондағы дикторлар мен тележурналистер біздер үшін бақыт құшағында жүрген адамдар болып көрінетін. Өйткені, олармен жүзбе-жүз көрісу шын мәнінде арман болатын. Солардың бірімен ойда-жоқта Қарағанды қаласында кездестім, кездеспек түгілі қатар отырудың сәті келді.

Қос қолдап амандасып, аса ықыласты екенімді байқатып жатырмын. Ол кісі де сезімтал екен, менің ниетімді қабыл алғандай болды, танымаса да езу тартып, сәлемімді жылы қабылдады. Біраздан кейін ежелгі таныс адамдардай әңгімелесіп, бір-бірімізді бұрыннан танитын адамдай жақындасып кеттік. Келе-келе сапарлас та болдық. Қазір бір ықшамауданда тұрып жатырмыз, таныстығымыз достыққа ұласқандай. Аты-жөнін айтуды кешіктіріп жатырмын, бұл кісі тележурналист, қоғамдық ақпараттық саланың үздік қызметкері Әли Тойжігіт ағамыз болатын. Бүгіндері жетпіс деген жастың желмаясына мініп, алпыс тоғызын артқа тастап, елі күткен ұлан-асыр тойының қамымен жүр.

Сәл шегініс жасайын.

Оңтүстік Қазақстаннан орталыққа арман қуып келген бозбаланың осы елде қалып еңбек етем деген жоспары тіптен болмаған-ды. Бар мақсаты ел қатарлы жоғары білім алып, елге оралу еді. Қарағанды қаласында қалып, Ақпарат саласының үздігі, ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР Журналистер одағының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі атақтарына ие болам деген ой үш ұйықтаса да, ойына келмеген. Қарағанды телевизиясының дамуына өлшеусіз үлес қосып, «Сарыарқа» телеарнасында табан аудармай 43 жыл жемісті еңбек еткені күні кешегідей өте шығыпты. Ниетінің түзулігі, газет-журнал, радиода, теледидарда атқарған шығармашылық қызметі мен еңбегінің өтеуі болар, жұрттың назарын аударарлық жағдайда жұмыс істеді, ерекше танымалдықпен көзге түсті. Ерекшеленейін деген жоқ, жастайынан қалыптасқан шынайы болмысы ел алдында айқын көрінді. Заманның бағытына, уақыттың ағымына ілесе алғандығынан да болар, идеяға толы материалдары көпшіліктің көңілінен шығып Арқа жұртының назарын аударды.

Көрерменнің көзайымына бөленген ағамыз Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. Еңбек жолын облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде тілшіліктен бастаған. 1978 жылдан бастап, Қарағанды облыстық телерадиокомитетінде редактор, аға редактор, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған. Облыстың басты арнасында бас редактор болды. Ынтымағы жарасқан ұжымды басқара отырып, көптеген тақырыпты қаузаған бағдарламаларды жүргізді. Әсіресе, оның «Uaqyt.kz» авторлық хабарын қарағандылықтар әлі ұмыта қойған жоқ. Қазіргі кезде өзекті мәселелер туралы ой өрбітетін бұл бағдарламаны шәкірттері одан әрі жалғастырып жүргізіп келеді.

Жақсы бағдарламаны жарыққа шығару үшін білім мен қабілет керек. Қазіргі жұрттың талғамы да бөлек, оның талғамынан ойың озық болып тұрмаса бәрі бекер. Ойындағы оқиғаны тапқырлықпен, сенімділікпен айта білуің керек, сол арқылы көзін жеткізіп сендіре алуың қажет. Жұртқа айналада болып жатқан оқиғаны шеберлікпен толғап айта білудің өзі үлкен өнер. Болмашы қателіктен абыройсыздыққа ұрынуың мүмкін.

Әли Тойжігіт тарапынан ондай ағаттықтар болған емес. Оның басты жетістігі тіл байлығында болатын, сөйлеген сөз мәнерінің өзі ән айтып тұрғандай баурап алатын. Тағы бір ана сүтімен берілген ерекше қасиеті, дүниеге деген көзқарасы, ұстанымы, саяси-азаматтық тұрғыдан өсу өресі, өз ісіне деген мейлінше адалдығы бүгінгі дәрежеге жеткізді. Уақытпен санаспады, кемшілікке төзбеді, адам баласына қиянат ойламады, теріс көзқараста болғандарды бауырына тартты, ең бастысы өз ісіне адал болды, не істесе де жанын салып беріле істеді. Жұрттың тілін таба білді, тілін табам деп жарамсақтанбады, қандай қиын жағдайда болсын жұмыс істей алатын іскер маман екенін көрсетті.

Осы материалды жазу барысында мына жайды айта кеткенді жөн көрдім. Ұқыптылығы ма, әлде шын бойтұмардай көрді ме екен, мына бір қызмет куәлігі Әли ағамыздың төсқалтасында жүргеніне 46 жылдың жүзі болыпты. Көркемсөздің шебері, жаныңыздан қыл суырғандай шыныңызды айтқызатын, теледидардан көріп жүрген Әли Тойжігіт жоғары оқу орнын бітіріп, дипломын алғаннан кейін, Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетіне тілші қызметіне жіберіледі. Іссапарға барайын десе, қызметтік куәлік жоқ, редакцияда бітіп қалған. Келесі партиясы келгенше әжептәуір тосуға тура келеді. Кеңсе қызметкерінің ойына таяуда ғана басқа газет редакциясына ауысқан Ақаңның (Сейдімбеков) куәлігін тапсырғаны есіне түсіп, сол куәліктің бетіне жаңадан жапсырма желімдеп, Әлидің суретін қондырып, заңдастырып жасап береді. Ақаң бұл газетте жауапты хатшы болып істеген болатын.

Жылдар бойы Әлекең осы куәлікті бойтұмардай қастерлеп, қалтасынан тастамайды. Өмірде жеткен жетістіктерін Ақаңның қолының табы қалған куәлікпен байланыстырады.

– Қолыма алғанда Ақаң қолының ыстық табы білініп тұрғандай болады, бұл жәдігер мен үшін өте ыстық. Ұлт рухын көтеретін талай көркем, жауһар дүниелердің өмірге келуі Ақаң рухымен байланысты болғанын жан-дүниеммен сезінем. Халықтың қадір-қасиетін терең түсініп, ұлт болмысының тарихи әлеуетін теледидар төріне алып шыға алуым да тектен текке емес. Жаратушым маған осындай сый тарту етті, сол үшін де өміріме ризамын, – дейді Әлекең.

Бір шарапаты тиіп қалар деген сеніммен құнды жәдігерді біз де қолымызбен ұстап көрдік. Үміт дүниесі ғой.

Әли ағамыз әр кездерде хабарға қатысқан танымал тұлғалар жайлы естелік суреттерді әлеуметтік желіде «Бір суреттің сыры» айдарымен беріп жүр. Әлі де беретін болады. Әлекең облыстық және республикалық «Алтын сұңқар», «Нұр Сұңқар», өндіріс саласына арналған «Сарыарқада жасалған» хабарлар топтамасы үшін «Алтын қалам» сыйлықтарының жеңімпазы. Бұдан басқа да мемлекет тарапынан алған марапаттары жетерлік.

Қарымды қаламгер – бірнеше кітаптың авторы. Оның «Сырсандық», «Өнегелі өмір», «Телеарна тынысы» және «Алты атаның ардақтысы» деп аталатын публицистикалық кітаптары қалың оқырманнан өз бағасын алды.

Әли ағамыз – өнегелі отбасының отағасы. Жұбайы Мүслима Қарағанды экономикалық университетінің доценті, ұзақ жылдар бойы студенттерге білім беріп келді.

Қазіргі таңда немере сүйіп, бақытқа бөленіп жүрген, қазақ телевизиясының ардагеріне зор денсаулық, жарасымды отбасылық береке-бірлік тілейміз. Сенімділік, сәттілік пен қуаныш серік болсын! Көңіліңіз қартаймасын, құт-берекеңіз ортаймасын!

Аңғар СМАҒҰЛОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Жанашыр аға

Бұл кісінің жақсы қасиеті – жұмыс өз алдына, жасы кіші деп қарамайды, бауырына тартып, әдемі әңгімесін айтып, көңілімізді көтеріп те қояды. Онысынан әріптестік, ағалық ықыласы сезіліп тұрады. Жастар жағы үлкендерге қарап ой, бой түзейді ғой. Қуаныштан, қайғылы жағдайдан қалмау деген дүниені осы кісіден үйрендік. Облыстық арнаның жаңалықтар, бағдарламалар бөлімдеріне шеф-редактор болған кездері де арқамнан қағып, жігерлендіріп, өзінің тәжірибесімен бөлісіп жүрді. «Қазақстан» ұлттық арнасының меншікті тілшісі болғанымда ерекше қуанып, құттықтаған еді. Сол ағалы-інілі сыйластыққа осы күнге дейін сызат түскен емес.

Әли аға телеарна саласына 40 жылдан астам қажырлы еңбек сіңірген құрметті ардагеріміз. Тілші болған соң бармайтын жеріміз жоқ. Кезіккен адамның көбі ағамызды таниды, хабарларын айтып, сұрап жатады. Журналистің бақыты осы емес пе?

Осыдан бірнеше жыл бұрын зейнетке шығар алдында әрқайсымыздың кабинетімізге арнайы соғып, ағалық лебізін білдірген еді. Сол кезде «Мен сияқты телеарнада абыройлы болып, зейнетке шығуға жазсын» деп өзінің галстугін сыйға тартқан еді. Құрметті демалыста болғанымен өзі ұзақ жыл еңбек еткен телеарнаның жанашыр көрермені. Хабарласып ақыл-кеңесін айтып тұрады. 70 жас – мерейлі тойы құтты болсын! Ағамызға мықты денсаулық тілейміз!

Руслан ТҰРСЫНҒАЛИЕВ,
«Хабар» агенттігі өңірлік тілшілер желісі департаменті Қарағанды қаласы тілшілер қосынының аға меншікті тілшісі

● «LIFE09» АҚПАРАТ АГЕНТТІГІНЕ – 5 ЖЫЛ

Жалындаған жас ұжым

«LIFE09» ақпарат агенттігінің құрылғанына да бес жыл өте шығыпты. Басында «Instagram», «Youtube» әлеуметтік желілері арқылы жедел ақпарат таратқан жас ұжымның бүгін өз бедері, белесі бар. Арқа ақпаратының алпауытына айналған «Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің құрамына кіретін жалындаған жас әріптестеріміз бес саусақтай бірігіп, жұдырықтай жұмылғаның арқасында міне, медиасалада өздерінің айшықты орнын, айқын қолтаңбасын қалыптастырып үлгерді.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Life09» ұжымы

Рас-ау, ақпарат ағыны күн сайын толас таппайтын осы бір уақытта дәйекті дерек, байыпты сараптамаға зәруміз. Жалған емес, шынайы ақпарат алмасудың аса бір қиынға соққан дәурені өтіп жатыр. Әлеуметтік желінің әлеуетін оң пайдаланып, ел-жұртқа жедел ақпарат таратып жүрген де, видеоконтенттер арқылы қаралым жинап, қара үзіп тұрған да – осы жас ұжым.

– «Life09» ақпарат агенттігі 2019 жылдың сәуір айында Арқа ақпарат айдынының қатарына қосылды. Әуелде ақпараттық агенттік емес, қарапайым Instagram, youtube парақшалар ретінде ғана ашылған. Басты бағытымыз – мемлекеттік саясатты қарапайым халыққа түсінікті тілмен жеткізіп, аудиторияға барынша шынайы, объективті ақпарат жеткізу болатын. Қазір де сол мақсаттан қиыс кеткен жоқпыз. Ақпарат агенттігінде бес жыл ішінде бірнеше мәрте ірілі-ұсақты өзгерістер болды. Бастапқыда жеке шағын редакция болған, кейін «Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің құрамына қосылды. Бұл өзгеріс біздің редакцияға тың серпін беріп, одан әрі дамуына мүмкіндік берді. Медиахолдинг құрамына қосылғаннан кейін «Life09» ақпараттық порталы ашылып, толыққанды ақпарат агенттігіне айналдық. Бес жыл – үлкен телеарналар мен басылымдар үшін қас-қағым уақыт. Бірақ, жаңа медиа үшін бес жыл бойы ақпарат айдынында тұрақтау жаман көрсеткіш деп ойламаймын. Осы уақыт аралығында бірнеше редактор ауысты, редакция құрамы да өзгеріп тұрды. Осында қызмет атқарған әрбір адам «Life09» ақпарат агенттігінің қалыптасуына өз үлесін қосып кетті, – дейді «Life09» ақпарат агенттігінің редакторы Жанайдар Майкен.

Редакция бес жыл бойы жинаған аудиториясына саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-спорттық, тарихи-танымдық жаңалықтарды жедел әрі сапалы жеткізуді мақсат еткен. Өңірдегі ғана емес, республика мен әлемдегі маңызы бар ақпараттарды күнделікті таратып отырады.

Ақпараттық агенттіктің «Instagram», «Youtube», «Facebook», «TikTok» желілерінде парақшалары бар. «Telegram» каналы арқылы да ақпарат жолдайды. Екі тілде ақпарат тарататын «Life09.kz» порталы күні-түні ақпаратын жаңартып, жұмыс істейді. Яғни, портал «Жаңалықтар», «Басты жаңалық», «Маңызды», «Қоғам», «Саясат», «Әлем», «Мәдениет», «Экономика», «Спорт», «Анығын айтсақ», «Аймақтар», «Фотогалерея» сияқты айдарлардан тұрады. Әр бөлімге атауы мен бағытына сай күнделікті ақпараттар салынып отырады.

Әрине, кез келген ақпарат орталығы, ол газет болсын, телеарна болсын, портал болсын, оқырманымен өлшенеді. Ормандай оқырман жинауға да үлкен тәжірибе керек екендігі де рас. Жас ақпараттық агенттіктің бұл бағыттағы жұмысы да – жүйелі. Instagramдағы «Life09kaz» парақшасында – 98600 оқырман, «Life09rus» парақшасында 15000 оқырман бар. «Youtube» желісінде – 26 000, «Tiktok-та» – 20 000, «Facebook» парақшасындағы 2000-ға жуық тіркелуші хабар алады.

Қазір тәжірибе жинақтаған ақпараттық агенттік мультимедиялық контентке баса назар аударып жүр. «Life09» интернет редакциясы дайындаған жаңалықтар, деректі фильмдер, қысқаметражды фильмдер, әлеуметтік видео роликтерді жариялап, яғни, ақпараттың видео жанры арқылы ақпарат таратудың алуан түріне кіріскен. Өйткені, оқырманның да талабы артып, талғамы өзгеріп келеді. Редакциядағы әріптестеріміздің айтуынша, қазір, аудио-бейне материал бағытындағы контентке деген сұраныс жоғары. Жас редакция алдағы уақытта ақпарат агенттігін әмбебап ақпарат алаңына айналдыруды жоспарлап отыр.

Тек қана ақпарат таратумен шектелер болса, онда жинаған оқырманды ұстап тұру оңайға түспейді. Қазір түрлі пабликтердің арасындағы бәсекелестік үдеген тұс. Мұны сезінген жас ұжым түрлі танымдық жобаларды да қолға алған. Мәселен, «Арқа-жарқа», «Arqa LIKE», «ТОП-7», «История одной улицы», «Кино вечер», «Верь в себя», «Жұрттың әкімі», «Пайдалы ИНФО», «Бес сөз», «Шок әңгіме», «Қарағандыда жасалған» сияқты жобалар көрермен көзайымына айналған. Қазір тарихи-танымдық «Тұлға», сұхбат жанрында «Қара жәшік», спорттық бағыттағы «Спорт TIME», апталық-сараптамалық «Жұма LIKE» және күнделікті шығып тұратын «LIFE айтады» жобалары өз көрерменін тауып үлгерген.

– Жобаларымыз әлеуметтік желілерде 1 миллион қаралымға дейін жинады. Республикаға танымал пабликтер біз жасаған контенттерді сұрап, салып жүрді. Аймақтың ақпарат агенттігі үшін бұл жақсы көрсеткіш деп ойлаймыз, – дейді Жанайдар Балхашұлы.

Кез келген ақпарат құралының басты миссиясы – билік пен бұқара арасында алтын көпір болу. Бұл редакция осы үдеден де ойдағыдай шығып келеді. Біз білетін бірекеуін мысал етейік. Қарқаралы ауданы, Ақтерек ауылындағы Ахмет мектебін мәдениет бөлімінің балансына өткізуге мұрындық болған. Сол ауылдың су мәселесін көтеріп, ол да оң шешімін тапқан. Дәп осындай тағы бір мәселе, Ақшатаудағы ауыл жұрты сапалы ауыз суға қол жеткізген. Қала тұрғындарының да шағымын тұрақты жариялап тұрады. Тиісті органдар кері байланысқа шығып, шаруаның шешілуіне атсалысып жатады. «Күнгей» ықшам ауданындағы жол мәселесі осылай шешімін тапқан көрінеді.

Жас ұжымдағы жалындаған әріптестеріміздің ойы ұшқыр, әмбебап және уақытпен санаспайды. Тақырыптық бейнематериалдарға, қысқа метражды фильмдерге тілшілер актер ретінде де түсе береді. Монтаждағы мамандардың уақыты тапшы болса, операторлар, ал олар босамай қалса, онда тілшілер қауымы атқарады міндеттерін. Жігерлі жас ұжымның осылайша қанаты қатайып келеді.

Қазақ-орыс редакциясының тілшілері әр күн сайын life09.kz сайтына ақпарат дайындап, салып отырады. Мирас Сәулехан, Ақсая Жалғасова, Аяжан Мақан, Аман Романов күн сайын түрлі іс-шаралардың түсіріліміне барады. Барған жерінен сюжет, ролик және ақпарат түрінде хабар таратады. Бұдан басқа әр тілшінің ақпараттық-танымдық бағыттағы жеке жобалары және бар. Мерекелік роликтердің сценарийін тілшілер жазады.

Оператор Нұртөлеу Екібай мен Құрманғазы Жандос пабликтерге шығатын авторлық контенттерді түсіреді, іс-шаралардың да толығымен видеоға түсірілуін қамтамасыз етеді. Студиялық жобаларды таспалайды. Видео-аудио жазбалардың сапасына жауап береді.

Монтаж бөліміндегі Айжан Абдрахманова, Лола Калышева, Нұрасыл Тұрмағанбетов қоржындарына түскен барлық видеоматериалдарды тілші дайындап берген сценарий бойынша жинақтап, монтаждап береді. Қажет болған жағдайда видеоны өңдеп, әрлейді. Авторлық жобаларды монтаждайды. Одан бөлек сайт пен пабликтерге инфографика мен дизайн жұмыстарын шебер жасап береді.

Ал шығарушы редактор Ақниет Ысқақ пен Полина Малюкова сайт пен пабликтерге шығатын барлық ақпараттардың орфографиялық, грамматикалық қателеріне, тақырыптың дұрыстығына жауап береді. Сондай-ақ, бейнероликтер мен авторлық жобаларды қадағалайды. Түсірілім уақытын жоспарлайды, кезекші тілшіні бекітеді. Өздерінің де авторлық жобалары бар.

SMM маман Айғаным Аманжолова мен Айдана Таңатар шығарушы редактор мен бас редактордың қарауынан өткен дайын материалдарды іріктеп, әлеуметтік желілерге жүктейді. Аудиторияның ауқымды қаралымына сәйкес уақытта дайын ақпараттарды салу, желілердің кибер қауіпсіздігі – осы мамандарға жүктелген міндет. Сондай-ақ, мобилографтың қызметін атқарады.

Жас редакция демесеңіз, ұстаханаға да айналып үлгерді. Еңбек жолын осында бастаған бірнеше журналистің қазір республикалық БАҚ-та бағы жанып жүр.

Мәселен, «Еуразия бірінші арнасының» тілшісі Сергей Цель, «Qazaqstan» Ұлттық телеарнасындағы маман Аяжан Кеңесбек, «Голос народа» ақпарат агенттігінің журналисі Яна Мазуренко алғаш тәжірибелерін life09 редакциясының қабырғасында жинақтаған.

Елге танымал бірнеше сериал мен жобаларды түсіріп жүрген Жасұлан Мақұлбеков пен «Голос народа» ақпарат агенттігінің операторы Жансерік Күзембай да – осы ұжымның алғашқы қарлығаштары.

– Алдағы уақытта ақпараттық-танымдық бағыттағы жобалар жасау жоспарда бар. Деректі фильмдер дайындап жатырмыз. Бастапқы бағытымызбен әрі қарай жүре береміз. Қазір желілердегі аудиторияны көбейту мәселесімен айналысып жатырмыз. Себебі, жасаған дүниелерімізді монетизациялау қажеттілігі туындап тұр. Сапа стандарттарына сай болу үшін, шағын студия жарақтап, техникаларды жаңартып жатырмыз, – дейді ақпараттық агенттіктің бас редакторы.

Батпандай жүк арқалаған жас ұжымның бұл мақсаттарға қол жеткізетініне біздің сеніміміз мол. Қазір ұжымдағы оператор, журналист, монтажер болсын, барлығы дерлік әбден машықтанып алған кәнігі кәсіби мамандар. Ұжымның төрт қызметкері облыс әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығын алған. Медиахолдинг директорының кеңесшісі, білікті медиамаман Айсұлтан Жақып та осы бір ұжымның мүддесіне еңбегін сіңіріп жүр. Қысқасы, «Life09» ұжымы игі идеялардың жанартауындай.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Бас редактордың кезекті лездемесі

«Life айтады» жобасының түсірілім барысы

Монтажерлар жұмыс үстінде

Теміртаулықтар да қалыс қалмады

Теміртауда сенбілікке металлургтер және Қарағанды индустриялық университеттің студенттері шықты. Олар өздеріне бекітілген аумақты қоқыстардан тазартып, қурап қалған бұтақтарды кесіп, ағаштарды әктеді.

Экологиялық акция екі ұрпақты – металлургтер мен металлургия өнеркәсібінің болашақ қызметкерлерінің басын біріктірді. Еңбек ұжымымен бірге бекітілген аумақты жинауға металлургия комбинатының басшылығы да шықты.

– Акцияның «Таза өлке» бірінші аптасында зауытқа іргелес аумақ тазартылды. Бүгін біз ағаштарды кесу, әктеу жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Біз үшін туған қаламыздың таза және жайлылығы маңызды, – деді Qarmet компаниясы бас директорының

орынбасары Евгений Хицко.

Акцияға қатысушылар қаланың ең үлкен екі көшесін – Республика даңғылы мен Қарағанды көшесін қамтыды.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы басталғаннан бері компанияның барлық бөлімшелерінен 2000-нан астам қызметкер, 100-ден астам техника жұмылдырылды.

Сонымен қатар, «Таза Қазақстан» акциясы басталғаннан бері Теміртауда сенбіліктерге 3,5 мың адам қатысты. Олардың күшімен қала көшелерінен 5 мың тоннаға жуық қоқыс шығарылды.

Экологиялық акцияға «Отражение» қоғамдық экоқозғалысының өкілдері, қоғам белсенділері мен қала тұрғындары қатысты.

– Бүгін жастармен бірге Теміртау экологиясын жақсартуға өз үлесімізді қостық. Қаланы көгалдандырумен төртінші жыл қатарынан айналысып келеміз. Біз ағаштарға күтім жасау жауапкершілігін өз мойнына алатын тұрғындарға көшет таратамыз. Үш жылдың қорытындысына сай, желектердің жерсіну деңгейі 90% құрағанын көріп отырмыз. Демек, біздің тұрғындар ағаштарды күтуге жауапкершілікпен қарайды, – деді эко-белсенділердің жетекшісі Елена Варганова.

Теміртауда 5 мыңнан астам ағаш егу жоспарда. Бүгінгі меже 670 түп.

Әділет ШОПЕН

ТЕМІРТАУ

Суреттер ұйымдастырушылардан

• ҚАУІПСІЗДІК

Арнайы белгі апаттан сақтайды

Қарағандыда жол жөнделіп, сонымен қатар, жол таңбалары да қайта сызылып жатыр. Баса назар жаяу жүргіншілер өтетін жолақтарға және қозғалысы қарқынды жол тораптарына аударылуда.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қаланың ішкі және сыртқы жолдарындағы таңбалы сызықтар қар мен жаңбыр суының және көлік доңғалақтарының әсерінен көрінер-көрінбес халде. Бұл қозғалысы көп аумақтарда апатты жағдайларға алып келетіні анық.

– Бірінші кезекте жаяу жүргіншілер өткелдеріне кірістік. Сонымен қатар, барлық жолдарда арнайы бақылау жүргізіліп, тиісінше жол таңбаларын сызамыз. Қазір қарап тұрсаңыз, көше қиылыстарында ғимараттар салынып тасталған. Осының салдарынан жолда көлік басқарып келе жатқан жүргізуші келесі көшедегі көлікті көре алмайды. Бұл орны толмас қайғыға әкеп соғатынын ескеріп, ондай жерлерге де арнайы белгілер қоймақпыз. Биыл магистральдық және негізгі жолдарда бөлу сызықтарын термопластикпен, ал, бүкіл қала бойынша жолақтарды суық пластикпен бояп шығамыз. Олардың арасындағы айырмашылық – қолдану тәсілдерінде. Оның үстіне, тәжірибе көрсеткендей, мұндай белгілер ұзақ сақталады, әрі жауынға да төзімді. Ондай бояумен сызылған жол таңбалары 6 айға дейін сыр бермейді. Ал, қосалқы жолдарға келсек, мұнда таңбалауға арнайы бояу қолданылады, – дейді Қарағанды қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі.

Қаланың Қазыбек би және Әлихан Бөкейхан аудандарында екі мердігер компания жұмыс істейді. Бұл жол жұмыстарының уақытынан бұрын аяқталуына ықпал етеді.

Сонымен қатар, Балқашта да қауіпсіздік назарда. Мәселен, онда жүргізушілердің қауіпсіздігі үшін сфералық айналар орнатылуда. Орнатылатын айналардың басты міндеті – қауіпті бұрылыстар мен көруге кедергі келтіретін заттары бар қиылыстарда апаттың алдын алу.

«Құстар – біздің досымыз!»

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы тек тазалықты ғана қамтымайды. Акция қатысушылары құстарға да қамқорлық жасады. «Жасыл аймақ» апталығы аясында Қарағандының орталық саябағында құстарға 100-ден астам ұя орнатылды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Акцияның басы-қасында қала әкімінің орынбасары Ләззат Төкенқызы мен қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Нұржан Ілияш жүрді. Әкім орынбасары мектеп оқушыларына акцияның маңыздылығы хақында айтып берді.

– Бұл акция жыл бойы жалғасын табады. Балаларға қарап, сүйсініп тұрмыз. Сіздер қаншама достарыңызға үлгі болатындай үлкен азаматтың ісін атқарып жатырсыздар. 90 жасқа толып отырған Қарағандының дамуына үлес қостым деп біліңіздер. Бұл – сүйікті шаһарларыңызға жасаған баға жетпес сыйлықтарыңыз. Қоршаған ортаға қамқорлық жасау – әр перзенттің асыл міндеті. Бүгін сіздер сол міндеттеріңізге адал екендеріңізді көрсеттіңіздер. Сіздерді ата-аналарыңыз мақтан тұтады! – деді Ләззат Төкенқызы.

Ұяларды оқушылар ұстаздарымен бірлесіп жасаған. Ал, оқушыларды қанаттандыру мақсатында қала басшылығы әр оқушыға арнайы жейделер табыстады. Сонымен қатар, ұстаздарға алғыс ретінде мектептерге түрлі сыйлықтарды тарту етті.

6 сынып оқитын Бекжан Сәулебек құстарға қамқорлық жасау – біздің міндетіміз екенін айтады.

– Құстар – біздің досымыз! Оларды қорғап, аялау қажет. Суық кезде тоңбаса деймін. Ұяны ұстазыммен бірге жылы етіп жасадым. Бұзақылар тас лақтырса, ағашын сынбайтындай қалыңдаттым, – деді Бекжан Сәулебек.

Оқушылардың қолымен жасалған ұялар саябақтың оңтүстік және шығыс бөліктеріне орнатылады. Жаз бойы балалар ата-аналарымен, немесе, мұғалімдерімен келіп ұялардың бұзылып қалмауын қадағаламақ.

Сурет **автордан**

Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының 2024 жылғы 1 тоқсандағы аудиторлық қызметінің нәтижелері туралы

Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясымен 2024 жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес 1 аудиторлық іс-шарасы өткізілді.

Мемлекеттік аудитпен 4 710 691,3 мың теңге қаражат көлемімен 8 объекті қамтылды.

Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзу 699 299,3 мың теңге (аудитпен қамтылған қаражат сомасының 14,8%-ы) мөлшерінде анықталды. 114 833,8 мың теңге немесе анықталған бұзушылықтар сомасының 16,4% қалпына келтіріліп, өтелуге тиіс болды, оның ішінде 16 504,5 мың теңге немесе 14,4% қалпына келтірілді және өтелді.

Өткізілген аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша:

аудит объектілеріне – 1 аудиторлық қорытындысы және 2 нұсқамасы жолданды. 16 лауазымды тұлғасы тәртіптік жауапкершілікке тартылды;

мәслихаттарға – лауазымды тұлғалардың Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін сақтамауының анықталған фактілері бойынша 1 ұсынысы жолданды;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға – 165 аудит материалдары жолданды. Жалпы 11 904,3 мың теңге айыппұл сомасына 56 тұлғасы әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

құқық қорғау органдарына – 8 аудит материалдары жолданды, оның ішінде: 6 – қаралуда, 2-і бойынша «Саран қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ, «Қарағанды облысы әкімінің аппараты» ММ – не жауапты тұлғаларды әкімшілік немесе тәртіптік жауапкершілікке тарту шараларын қабылдау жөнінде, материалдарды жіберу туралы шешім шығарылды.

д

Хабарландыру

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2024 жылдың 15 мамырынан бастап, **«Нұрқазған-Тас», «Нұрқазған-Саз» карьерлерінен Нұрқазған БФ қалдық қоймаларының тоғандарына суды тартып шығару»** жобасы бойынша ашық талқылау форматында қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Ықпал ету аумағы: Қарағанды облысы, Теміртау қ., Ақтау к., учаскенің географиялық координаты:

Бұрыштық нүктелер	Бұрыштық нүктелердің координаттары					
	Солтүстік ендік			Шығыс бойлық		
	Гр.	Мин.	Сек.	Гр.	Мин.	Сек.
1	50	10	18,63	73	0	46,79
2	50	10	19,6	73	0	45,93
3	50	10	20,23	73	0	41,23
4	50	10	22,58	73	0	40,21
5	50	10	48,79	73	0	38,75
6	50	11	5,65	73	0	24,26
7	50	11	5,78	72	59	48,13
8	50	10	58,81	72	59	41,49
9	50	10	48,3	72	59	41,93
10	50	10	47,63	72	59	3,27
11	50	11	0,83	72	59	2,72
12	50	11	1,5	72	59	41,38
13	50	11	23,63	73	0	0,44
14	50	11	29,21	73	0	4,21
15	50	11	51,6	72	59	44,73
16	50	11	56,39	73	0	4,39
17	50	12	2,25	73	0	15,61
18	50	12	3,98	73	0	13,41
19	50	12	7,58	73	0	12,09
20	50	12	8,4	73	0	13,65
21	50	12	4,91	73	0	18,08
22	50	12	2,06	73	0	18,44
23	50	11	55,26	73	0	5,41
24	50	11	50,93	72	59	47,71
25	50	11	29,41	73	0	6,35
26	50	11	18,29	73	0	36,02
27	50	11	6,38	73	0	36,38
28	50	11	6,23	73	0	25,89
29	50	10	49,15	73	0	40,75
30	50	10	22,78	73	0	42,22
31	50	10	21,33	73	0	42,85
32	50	10	20,75	73	0	47,23
33	50	10	19,26	73	0	48,55

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС: 05014000656. Өкілі: А.С.Аманкелдина, тел. 8 (7212) 957401.

Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты. БСН: 060641009902. Өкілі: Н.Ж. Темірбаев, тел. 8 (7102) 557671, эл. мекенжайы: Nurkeldi.Temirbaev@kazakhmys.kz

Жоба материалдары ecoportal.kz сайтында орналастырылған және ескертулер мен ұсыныстар беру үшін оларды орналастырған күннен бастап https://ecoportal.kz сілтеме бойынша 5 жұмыс күні ішінде қолжетімді болады.

Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат, жария талқылаулар жүргізуді, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Nurkeldi.Temirbaev@kazakhmys.kz электрондық пошта және 8 (7102) 557671 телефон нөмері арқылы сұратуға болады.

Объявление

ТОО «Корпорация Казахмыс», сообщает, что проводит общественные слушания в формате публичных обсуждений по проекту **Откачка воды из карьеров «Нурказган-Тас», «Нурказган-Саз в пруды хвостохранилищ Нурказганской ОФ»** с 15 мая 2024 года.

Территория воздействия: Карагандинская область, г. Темиртау, пос. Актау, географические координаты участка:

Угловые точки	Координаты угловых точек					
	Северная широта			Восточная долгота		
	Гр.	Мин.	Сек.	Гр.	Мин.	Сек.
1	50	10	18,63	73	0	46,79
2	50	10	19,6	73	0	45,93
3	50	10	20,23	73	0	41,23
4	50	10	22,58	73	0	40,21
5	50	10	48,79	73	0	38,75
6	50	11	5,65	73	0	24,26
7	50	11	5,78	72	59	48,13
8	50	10	58,81	72	59	41,49
9	50	10	48,3	72	59	41,93
10	50	10	47,63	72	59	3,27
11	50	11	0,83	72	59	2,72
12	50	11	1,5	72	59	41,38
13	50	11	23,63	73	0	0,44
14	50	11	29,21	73	0	4,21
15	50	11	51,6	72	59	44,73
16	50	11	56,39	73	0	4,39
17	50	12	2,25	73	0	15,61
18	50	12	3,98	73	0	13,41
19	50	12	7,58	73	0	12,09
20	50	12	8,4	73	0	13,65
21	50	12	4,91	73	0	18,08
22	50	12	2,06	73	0	18,44
23	50	11	55,26	73	0	5,41
24	50	11	50,93	72	59	47,71
25	50	11	29,41	73	0	6,35
26	50	11	18,29	73	0	36,02
27	50	11	6,38	73	0	36,38
28	50	11	6,23	73	0	25,89
29	50	10	49,15	73	0	40,75
30	50	10	22,78	73	0	42,22
31	50	10	21,33	73	0	42,85
32	50	10	20,75	73	0	47,23
33	50	10	19,26	73	0	48,55

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН: 05014000656. Представитель: Аманкелдина А.С., тел.: 8 (7212) 957401.

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН: 060641009902. Представитель: Темирбаев Н.Ж., тел. 8 (7102) 557671, эл. адрес: Nurkeldi.Temirbaev@kazakhmys.kz

Материалы проекта размещены на сайте ecoportal.kz и будут доступны с даты их размещения для предоставления замечаний и предложений в течение 5 рабочих дней по ссылке https://ecoportal.kz.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении публичных обсуждений, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл. адресу Nurkeldi.Temirbaev@kazakhmys.kz и номеру телефона 8 (7102) 55 7671.

д

Саз өнерінің саңлағы

Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада композитор, Мемлекеттік сыйлық лауреаты, КСРО Халық әртісі Сыдық Мұхамеджановтың туғанына 100 жыл толуына орай «Ұлттық музыканы ұлықтаған сазгер» атты әдеби-сазды кеш өтті. Оған Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестік директорының орынбасары Ғазиз Әжбағамбетов, «Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің директоры Қайрат Әбілда, Қазтұтыну одағы Қарағанды университетінің экономика бизнес және құқық колледжінің Құқықтану және бизнес бөлімінің меңгерушісі Заида Өтешева, осы оқу орнының қазақ тілі және әдебиеті пәні оқытушысы Мақпал Абилдина қатысып, белгілі жерлесіміз жайлы ой-пікірлерін ортаға салды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ғазиз Салықұлы композитордың шығармалары күрделі екенін атап өтті. Ол композитордың мерейтойына арналған концерт қыркүйек айына жоспарланғанын жеткізді.

– Сыдық Мұхамеджановтың «Шаттық Отаны» шығармасы Кеңес заманында күнде радиодан берілетін. Оны назар салып тыңдасаңыздар, шығарманың басы, ортасы және соңы бар. Композитор шығарманы студент кезінде жазған және ол Бухарестте «Алтын медаль» алған. Сыдық атамыздың қандай дарын иесі болғанын ойлай беріңіздер. Абайдың өлеңдеріне романстар жазған адам. Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестік өнерпаздары Сыдық Мұхамеджановтың бірқатар шығармаларын орындап жүр. Біздің өңірде халық композиторлары көп шыққан. Солардан нәр алған деуге болады. Себебі, шығармаларының бәрінде ұлттық музыканың иісі аңқиды, тіпті, операларынан да ұлттық бояуды аңғаруға болады, – деді Ғазиз Әжбағамбетов.

Маман сол уақытта партитура жазудың қандай машақатты жұмыс екеніне де тоқталды.

– Композиторлардың барлығы қарындашпен жазады. Ол соңғы нұсқасына жеткенше қаншама өзгертіледі. Қазір арнайы бағдарламалар бар, саласың, жазып береді. Ал, ол уақытта көз майын тауысатын жұмыс еді.

– Сыдық Мұхамеджановтың өнері әкенің қанымен, ананың сүтімен дарыған, – деді Қайрат Әбілда. – Ол кісі бай, текті жерден шыққан, атасы атақты Оспан қажы. Әкесі де, анасы да музыкант болған. Белгілі тұлғаның 100 жылдығы аясында өз тарапымнан кітап құрастырып жатырмын. Онда майталман музыка мамандары Ілия Жақанов, Кенжеғали Мыржықбаев және басқа да тұлғалардың, Серік Ақсұңқарұлы, Төрехан Майбастың жазғандары, Софы Сматаевтың естеліктері жинақталады. Сіздердің кітапханамен де байланыс орнатып, сіздерде бар деректерді қолдансақ, мерейтойға сый болады деп ойлаймын.

№1 музыка мектебінің «Думан» фольклорлық ансамблі, Қ. Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің әншісі Нұрлытаң Ермек өнерін ортаға салып, кештің сәнін кіргізді.

Жиналғандар Михайловкадағы мамандандырылған музыка мектеп-интернатына, Қарағанды көшелерінің біріне Сыдық Мұхамеджановтың атын беру жайлы ұсыныстар айтты.

– Сыдық Мұхамеджанов – кәсіби композитор. Опера жазған, домбыраға, қобызға, флейта, скрипкаға арнап жазған концерттері бар. Михайловкадағы музыка мектебі кәсіби мамандарды даярлайды. Сондықтан, сол оқу орнына Сыдық ағамыздың есімін беруге лайық деп ойлаймын, – деді Ғазиз Әжбағамбетов.

Заида Өтешева ұсыныстың қолдауға әзір екенін білдірді.

– Композитордың атымен Шет ауданы Киікті станциясында орта мектеп аталады. Мұхамеджан деген кісіні көзіміз көрді. Ел атымен атамай, «Композитор» дейтін. Сыдық Мұхамеджановтың Ақбаян, Ақбота, Жібек есімді қарындастары болатын, бала кезімізде сол үйге барып домбыра үйренетінбіз. Сыдық атамыздың балаларымен де араласып тұрамыз, алдағы уақытта өтетін шараларға шақыруға болады. Сыдық Мұхамеджанов туралы біліп жүрсін деп кешке колледж студенттерін арнайы алып келдік, – деді Заида Советқызы.

Композитордың шығармашылығына зейін қойған жан оның қазақ музыкасындағы көптеген жанрға тұңғыш қалам тартқан композитор екенін аңғарары анық. Ол 4 опера, 4 симфония, симфониялық поэмалар, оратория, концерттер, спектакльдер мен кинофильмдерге музыка жазды.

Сурет ұйымдастырушылардан

● ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

«Роксонаки» есіңізде ме?

Қарағандыдағы «Шалқыма» концерт залында 27 сәуір күні сағат 17:00-де елдің сүйікті әншісі, домбырашы, Халықаралық «Азия дауысы» фестивалінің I орын иегері, аңызға айналған «Роксонаки» тобының солисті Серік Көшкінбаевтың «Бес ғасыр жырлайды» шығармашылық кеші өтеді.

Кеште Тәттімбет атындағы академиялық қазақ халық аспаптары оркестрі, Нұрбота Көшкінбаев, Гүлнар Жұмаева және Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің жеке орындаушылары өнер көрсетеді.

Оркестрдің бас дирижеры – Мәдениет саласының үздігі Ерлан Бақтыгерей, дирижер – халықаралық байқаулардың жүлдегері Әбілқайыр Сағымбаев.

Серік Төлеуханұлын елі еркелетіп, «Серік сері» деп атайды. Өйткені, 1990 жылы өткен халықаралық I «Азия дауысы» фестивалі ару Алматыны ән бесігіне бөлеп, Алатау етегіндегі «Медеу» мұз айдынын рухтың ордасына айналдырған еді. Сол дүбірлі байқауда әлемнің танымал жұлдыздарын жолда қалдырған Серік сері жетекшілік ететін «Роксонаки» тобы «Қырқыншы жылдардағы бесік жыры» әнімен жеңімпаз атанды.

«Роксонаки» тобының бұл жеңісі әлемдік музыка майталмандарын да елең еткізген. Арқадағы өндіріс ошағы Жәйрем Кеншілер Мәдениет үйінің жанынан құрылған топтың «Азия дауысына» қатысып, бірінші орын алуы үлкен жаңалық болды. Ұлттық аспаптар арқылы көне түркілік сарын мен заманауи музыканы шебер ұштастыра білген әйгілі топтың құрылуына Серік Төлеуханұлы бастамашы болған.

Фестивальде топ Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған «Қырқыншы жылғы бесік жыры» әнін әуелете орындаған еді. Одан бері біраз уақыт өтті. Ел Серік серісін сағынды.

Ендеше, дүлдүл әншінің сағынған елімен қауышатын айтулы кештен қапы қалмаңыздар, ардақты көрермен!

Өз тілшіміздің

● МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

«Алтын адам» күні аталып өтті

Қарағандыда ұлттық күнтізбе аясында алғаш рет «Алтын адам» күні аталып өтті. Айшықты күні облыстық тарихи өлкетану мұражайында жастарға Алтын адам өмір сүрген кезең жайлы айтылды.

Сурет ашық дереккөзден

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Qazaq club жанындағы ұлт құндылықтарын сақтау, насихаттау орталығының бастамасымен ұйымдастырылған шарада күнтізбе авторы Нұржан Сұршаұлы тарихи даталарға негізделген атаулы күндердің жастарға ұлттық тәрбие беруде аса маңызды екенін атап өтті. Жастарға күнтізбе таратты. Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің оқытушысы, тарихшы Нұрлан Ошан шаралардың жастарға аса қажет екенін баса айтты. Жастарға тарихи деректерге негізделген ақпарат берді.

– 1970 жылы отандық тарихшылар Есік қорғанынан алғаш «Алтын адамды» тапқан болатын. Бұл жәдігер Қазақстан аумағында сақ тайпалары өмір сүргенінің дәлелі ретінде ғалымдарымызға тарихымыздың осы кезеңін жаңжақты зерттеуге мүмкіндік берді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қанатты барыстағы «Алтын адам» Қазақстанның ұлттық нышандарының біріне айналды. 1969 жылы археолог Кемал Ақыштың жетекшілігімен бір топ ғалымдар бірегей археологиялық кешенді қазуды бастады. Онда төрт мыңнан астам зергерлік бұйымдар, киімге, аяқ киімге және бас киімге тігілген әшекейлер, сондай-ақ алтын сақиналар, мүсіншелер, қола және алтын қарулар, түрлі ыдыстар біздің дәуірімізге дейінгі V-VI ғасырға жататын 26 жазбаша белгісі бар күміс тостаған табылды, – деді Нұрлан Ошан.

Айта кеткен жөн, биыл облыстың 257 кітапханасы мен 246 мәдениет ошағында Қазақ күнтізбесіндегі айшықты күндерді насихаттау жоспарланған.

● БАЙҚАУ

Көзбен емес, көңілмен оқылатын ертегі

Көру қабілеті нашар оқушылар әңгіме, ертегілерді енді аудиокітап арқылы тыңдай алады. «Ертегілер әлемі» атты облыстық аудиоертегі байқауы жүлдегерлерінің аудио нұсқадағы шығармалары таспаға басылып, тарту-таралғы ретінде кәдеге жарайтын болады. Мұнымен қоса, Қарағанды облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханаға ресми сайтына, «YouTube» әлеуметтік желісіне жүктеледі.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мұндай мәдени іс-шара облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен алғаш рет өтіп отыр. Облыстық деңгейде ұйымдастырылса да, 61 қатысушыдан өтінім түскен. Ұсынылған аудиоертегілер арасында қазақ, орыс халқының ертегілері, сондай-ақ авторлық ертегілер бар.

– Көру қабілеті нашар балаларға арналған «Ертегілер әлемі» атты облыстық аудиоертегілер байқауында қазылық еттік. Байқауға келіп түскен материалдардың барлығын тыңдап, ұйымдастырушылар ұсынған байқау өлшемдеріне сай бағалап шықтық. Осы жұмысты атқару барысында қатысушылардың еңбекқорлығына, жауапкершілігіне, шеберліктеріне сүйсіндік. Аудиоертегінің мәтінімен қоса дауыстарынан тыңдармандарға деген ыстық ықылас, ауыз әдебиетіне деген зор сүйіспеншілік байқалып тұрды. Көру қабілеті бұзылған балалардың ерекшелігін есепке ала отырып, ертегі оқуға қойылатын талаптарды сақтауға тырысқан. Қатысушылардың дені жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері мен кітапханашылар болды. Жеңімпаздарды марапаттау салтанатына көрермен ретінде облыстық зағип нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапхананың тұрақты оқырмандары келді. Олар бұл шараның өздерінің аудиториясына лайықтап ұйымдастырылғанына ризашылықтарын білдірді, – дейді Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің аға оқытушысы, қазылар алқасының төрағасы Салтанат Кеңесбекова.

Бұл облыстық байқауға әсіресе, Қарағанды, Теміртау, Шахтинск, Саран, Абай, Балқаш, Приозерск қаласы мен Бұқар жырау, Шет, Осакаров, Ақтоғай, Нұра ауданынан көп жұмыс түскен. Қатысушылардың дені – Ақтоғай мен Нұра өңірінен. Сонымен, «Өнердің күші» атты қазақ халық ертегісін аудиоға шебер таспалаған нұралық кітапханашы Гүлімай Ахметбекова бірінші орын алды.

– Байқауға ертегі таңдағанда көп ойландық. Көп оқыла бермейтін, ерекшесін таңдауды жөн санадық. Сөйттік те, таңдауымыз «Өнердің күшіне» түсті. Уақытын да ұзартып алмау керек болды. Асығыс та оқымау керек. Бастысы, ертегіні тыңдап отырған баланың жүрегіне әсер ету, ерекше иіріммен жеткізуді көздедік. Қазылар алқасы біздің жұмысымызды үздік деп танығанына бір қуанып, бұл ертегілердің аудиокітапқа жинақталатынын естіп, қуандық, – дейді байқау жеңімпазы Гүлімай Ахметбекова.

Ал екінші орынды «Еріншек адам» аудиоертегісімен ақтоғайлық Әли Сейдіғали, үшінші орынды Қарағанды қаласынан «Сказки для Софии-Весенный ветерок» («Придумки от Алинки» сериясынан) аудиоертегісімен Наталия Морозова иеленді.

Мұнымен қоса, «Үздік аудиоқойылым» аталымында «Алтын сақа» шығармасы үшін Жаннұр Алиасқарова, «Лучший чтец» аталымында «Бай-музыкант и Алдар-Косе» ертегісі үшін Роман Тен ынталандыру сыйлығымен марапатталды. Жүлдегерлерге диплом мен қаржылай сыйлық берілді.

Мұндай игілікті іс-шара енді дәстүрге айналмақ. Бір қызығы, ұйымдастырушылар алқасы жұмыстарды қабылдау кезінде байқауға Батыс Қазақстан облысынан өтінім түскенін кезіктіріпті. Мұны ескерген ұйымдастырушылар келер жылы республикалық деңгейде өткіземіз деп отыр.

Сурет ұйымдастырушылардан

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – **Оксана Вячеславовна МЯГКИХ**

Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары – **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Ж.Қ. ШАЛҚАР**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 508

№ 46 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жансая ОМАРБЕК**